

✓
6 қазан
октябрия

ӘРКІМНІҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ!

РЕФЕРЕНДУМ

ВАЖЕН ГОЛОС КАЖДОГО!

www.election.gov.kz

«Референдум тағайындалған күн туралы»

2024 жылы 6 қазанда республикалық референдум өтеді.

Референдумда қойылатын сауал: «Сіз Қазақстанда атом электр станциясын салуға келісесіз бе?»

Дауыс беру референдум күні сағат жетіден жиырмаға дейін өткізіледі.

ӘРКІМНІҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ!

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы



• СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

ЗАҢ

ZANMEDIA.KZ

✉ zangazet@mail.ru

№75 (3704)

1 қазан 2024

газеті

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет



• БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

«ЗАҢ ГАЗЕТІ» – «ҮРКЕР» СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ИЕГЕРІ



Биыл Астанада сегізінші рет «Үркер – 2024» республикалық сыйлығын табыстау рәсімі өтті. Дәстүрлі «Үркер» сыйлығы 12 номинация бойынша үздіктерді анықтады. Жыл өткен сайын дәстүрлі шараға қатысушылар саны артып келеді. Мәселен, биыл байқауға баспа, радио, интернет-журналистика саласында қызмет етіп жүрген журналистерден 400-ден астам өтінім түскен.

(Соңы 3-бетте)

Советхан СӘКЕНОВ,
құрметті демалыстағы судья:

«ӘДІЛДІК ЖОҚ ЖЕРДЕ МЕМЛЕКЕТ ДАМУМАЙДЫ»

– Советхан Сәкенұлы, құрметті демалысқа шыққаныңыз құтты болсын! Зейнетке абыроймен шығу да үлкен мәртебе.

– Әділдіктің жолы қашан да ауыр ғой. Хакім Абай: «махаббатпен жаратқан адамзатты, сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті. Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп, және хақ жолы осы деп әділетті» деп айтқан екен. Яғни, бұл үшеуінің ең басты өзегі әділдік боп тұр ғой. Өйткені әділдік жоқ жерде, мемлекет өркендемейді. Қай мемлекеттің болмасын негізі – әділдік. Оның ақ туын көтеретін – судья. Әділдік жолында барлық дау-дамайға соңғы нүктені қоятын – сот.

Құрметті демалысқа кем дегенде 20 жыл судьялық өтілі бар, мүлтіксіз қызмет еткен, сот әдебін, судья этикасы талаптарын қатаң сақтаған адам ғана шыға алады. Сондықтан саладағы еңбегінің ескеріліп, құрметті доғарысқа шыққаным үшін Аллаға шүкір деймін.

– Өзіміз жас үлгі ететін шетелдерде судьялар 70 жасқа дейін, кейбірінде тіпті өзі қызметтен бас тартқанша төрелік етеді. Біз неге тәжірибесі толыққан, шеберлігі шыңдалған шақта судьяларды зейнетке шығарамыз? Судьялардың зейнет жасын созуға не кедергі?

– Сот қызметі басқа мемлекеттік қызметшілердің, заң саласының, құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне онша ұқсай бермейтін ерекше қызмет. Заңдық күшіне енген сот актісін орындау Қазақстан Республикасының барлық мемлекеттік органдары, ұйымдары мен азаматтарының міндеті. Соттың басқа құқық қорғау органдарымен салыстыруға келмейтін ерекше мәртебесі бар.

Сот судьясы үшін білімінен кейінгі ең негізгі дүние – өмірлік тәжірибесі. Жаксы мен жаманды, ақ пен қараны ажыратып, жан-жақты талдап, сараптау үшін өмірлік тәжірибе керек. Мысалы, АҚШ-та судьялар 80-90 жасқа дейін істейді. Егер сот әдебін бұзбай, адамгершілігі жоғары және денсаулығы жарап тұрса, судьяның зейнет жасынан кейін де жұмыс істеуіне мүмкіндік беру керек. Америкадағыдай болмаса да, бізде 70-75 жасқа дейін жұмыс істеуге болады. Ондай әріптестеріміз Жоғарғы Сотта да, облыстық, қалалық, аудандық соттарда да бар. Ал бізде өкінішке қарай, судьялар нағыз кемеліне келген кезде зейнетке кетеді. Мемлекет білікті судьялардың әлеуетін пайдаланғаннан ұғылмайды.

(Соңы 5-бетте)

• ТАҒЫЛЫМ

БАЛА БИДЕН ДАРА БИЛІККЕ ЖЕТКЕН ДАНАЛАР ҰЛАҒАТЫ

Қызметіміздің қат-қабат қарбаластығына қарамастан, мүмкіндігінше, уақыт тауып, ата-бабаларымыздың ұлағатты жолдарына үңіліп, өнеге алуға тырысып отырамыз. Әсіресе, би-шешендеріміздің тағылымына қайта-қайта назар аударып, зерделеп отырмасақ, ісіміз алға баспайтындай. Және мемлекеттік Ата Заңымыздың, С. Зиманов, К.Сағадиев, С.Сартаев, Н.Шәйкенов сияқты заң корифейлерінің атсалысуымен бабалар ұлағаты, даналық тағылымының замана ағымымен сәтті ұштастырылғаны көңілімізді қанағатшылыққа бөлейді. «Өткен болмай, бүгін жоқ» дегеніміз осы.

Тамырынан ажыраған ел құраған ағаш секілді

Тамырынан ажыраған ел – тамыры құраған ағаш секілді, келешегі болмайтынын тарихымыз-

дың ащы сабақтары әлдеқашан дәлелдеген. Ең бастысы Салық Зиманов сияқты аға заңгерлеріміз каншама тер төгіп қалыптастырып кеткен заңнамалық ұлағаттың ізін өшіріп, көмескілендіріп алмасақ жарар еді деген тілек бар. Тіпті, Ата Заңымыз сол асылдарымыздың артып кеткен аманаты

секілді. Өйткені, сол аса жауапты кезеңде Ата Заңды заманға сай етіп құрастырып, жазып шығу, халқымыздың ортақ бәтуаға ұйысып, мәмілеге келуі, оны тұрақтандырып, бекітіп, қалыптастыру оңайға түскен жоқ, осыны әрқайсысымыз сезіне білсек етті. Бұл біздің ел болу-болмауымызбен тікелей байланысты өте қауыр қолға алынған, аса жауапкершілігі мол әрі күрделі мәселе болатын. Өйткені, қазақтың өз алдына тәуелсіз ел болып, аяғынан қаз тұрып кетуіне күмәнмен қараушылық басым болды, тіпті, өз ішіміздегі көзқарас ала-құла болғаны жасырын емес. Осы тұрғыдан келгенде, С.Зиманов сияқты кеменгер тұлғалардың тәуелсіз қазақ елінің заңнамасының басында тұрып, сол жауапты кезеңде барша жауапкершілікті қолына алып, тер төгуі – ұл-

тымыздың өлшеусіз бағы, жаратқанның сыйы. Мұны өскелең ұрпақтың құлағына құйып, ұлттық құндылықтарымыздың тамыры тереңнен бастау алатынын айтудан шаршамауымыз керек.

Мені заңгер ретінде би-шешендер тағылымындағы бала билер болмысы көптен толғандырып келеді. Сол ата-бабамыздың ұлағатқа толы дәуірінде бала билердің тарих сахнасына көтеріліп, ел істеріне араласуы да тамыры тереңде жатқан ұлттық қасиетіміздің айғағындай. Бұл түсіне білгенге, халқымыздың бала тәрбиесіне қаншалықты мән бергенін, көзін тырнап ашқаннан патшадай ұлықтап, төбесіне көтере әлпештеп, алақанға сала отырып, ұлттың құнарын құлағына құя бергендігін танытпай ма?

(Соңы 6-бетте)

• БАСТАМА

ДЕРБЕС КАССАЦИЯЛЫҚ СОТ ТӘЖІРИБЕГЕ ЕНГІЗІЛЕТІН КҮН ЖАҚЫН

Қоғамда кассациялық алқалар жұмысына қатысты түрлі сынның айтылып жүргені белгілі. Соған орай көпшіліктің пікір-ұсынысына назар аударған Мемлекет басшысы еліміздің бизнес-қоғамдастығы өкілдерімен болған кездесуде «...Бүгінде қылмыстық және азаматтық істердің небәрі 5 пайызы ғана кассацияға жолданады. Бұл өте аз әрі азаматтардың сұранысына сәйкес келмейді. Сондықтан заңгерлер және кәсіпкерлер қоғамдастығымен өз алдына бөлек кассациялық инстанция құру мәселесі жөнінде кеңес өткізу қажеттігі пісіп жетілді деп ойлаймын», – деп негізгі мәселені шешу басымдық берген болатын.



Президент тапсырмасынан кейін кассациялық алқаға байланысты орын алған кемшіліктерді жойып, мәселелерді тиімді шешудің жолдары көпшілік талқысына түсті. Парламент депутаттарының, судьялар қауымдастығы мен заңгерлердің, құзырлы орган өкілдері мен адвокаттардың қатысуымен өткен басқосуларда кассациялық шағымдарды сапалы қараудың тетіктері жан-жақты таразы басына салынып, ұтымды ұсыныстар назарға алынды. Ақыры 2024 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтыру-

лып бекітілді. Жаңа заң өміршең болып, жаңа бастама көпшілік көңілінен шығуы үшін кассациялық соттардың құрамына білікті мамандарды тартуға ден қойылып отыр. Айталық кассациялық сот судьялары да жан-жақты іріктеуден өтеді. Олардың заңгерлік өтіліне, тәжірибесіне, белсенділігіне де мән беріледі.

Әрине, зайырлы, құқықтық қоғамда азаматтардың өз мүддесінің барлық сатыға қаралуын талап етуі заңдылық. Алайда бүгінге дейін «таңдамалы кассация» әдісіне орай істер кассациялық алқаға таңдалып берілді. Мәселен кассациялық сот алқасы Азаматтық процестік кодексіне сай оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қаралған, татуласу рәсімдерімен аяқталған, талап қою сомасы 2000 АЕК-тен кем болған жеке тұлғалардың дауын, және талап қою сомасы 30 000 АЕК-тен кем болған заңды тұлғалардың мүліктік дауын қарайтын. Сондай-ақ, қылмыстық теріс қылықтар туралы істер де кассациялық сатыға ұсынылмады. Бұл расында елдегі теңқұқылық қағидатына қайшы. Заңдағы жаңа өзгерістерге орай тәжірибеге енгізілген Астанадағы үш кассациялық сот бұл олқылықтардың орнын толтырмақ.

Әрі бұл соттарды құруға мемлекеттен артық қаражат алынбайды. Жаңа соттардың жұмысы қолдағы бар ресурстар арқылы жолға қойылады. Кассациялық соттарды өзге соттар секілді Қазақстан Республикасының Президенті құрады.

Бұл реформа дамыған шетелдердің көпшілігінде бұрыннан қолданылып келеді. Кассациялық соттардың тәжірибесін зерделегенде, бұл әдістің көпшілік көңілінен шыққанын білуге болады. Жаңа сот сатысын енгізу – сотқа деген сенімді одан әрі нығайту кепілі болмақ.

Салтанат РАМАЗАНОВА,
Кеген аудандық сотының төрағасы
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

• ПӘРМЕН

ЖАУАПКЕРДІҢ ОТЫРЫСҚА ҚАТЫСУЫ МАҢЫЗДЫ

Азаматтық іс бойынша талап қою жауапкердің тұрғылықты жеріндегі сотқа беріледі. Тұрғылықты жері белгісіз не Қазақстан Республикасында тұрғылықты жері жоқ жауапкерге талап қою оның жылжымайтын мүлкінің орналасқан жері бойынша немесе оның ең соңғы тұрғылықты жері бойынша берілуі мүмкін. Кейбір санаттағы істерде талап қоюшы өзінің тұрғылықты жері бойынша талап қоюмен жүгіне алады.

Азаматтық процестік кодекстің 196-бабына сай, іске қатысатын тұлғалар сот отырысына келмеу себептері туралы сотқа алдын ала хабарлауға, себептердің негізді екендігіне дәлел ұсынуға міндетті. Егер іске қатысатын тұлғалар сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарланса, олардың келмеу себептері дәлелді деп танылған жағдайда ғана сот істі талқылауды кейінге қалдырады. Сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарландырылған тұлғалар келмеген, оның себебі дәлелсіз деп танылса, сот істі қарауға құқылы.

Некелі бұзу туралы істі мысалға алсақ, талап қоюшы аталған талаппен жүгінеді, сот істі өндіріске қабылдап, «WhatsApp» желісі арқылы топ құрып, екі тарапты қосады. Судья сот отырысына дайындық кезеңінде екі тарап пен «WhatsApp» желісі арқылы немесе шақырып әңгімелесуі өткізеді. Сол кезде көбіне жауапкерлер қатыспайды, телефонға жауап бермейді, кейде құрылған группадан шығып, соттың телефонның блокқа қояды, не сот отырысына келмейді.

Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодекстің 20-бабына сай, ерлі-зайыптылардың біреуінің некелі бұзуға келісімі болмаған кезде, сот ерлі-зайыптыларды татуластыруға шаралар қолдануға және ерлі-зайыптыларға татуласу үшін алты ай шегінде мерзім тағайындай отырып, істі қарауды кейінге қалдыруға құқылы.

Отбасы болған соң ұрыс-керіс болып тұратыны барлығымызға белгілі. Алай-

да жауапкер заңдағы мүмкіншілікті пайдаланбайды немесе білмейді, сот отырысына қатысқан жағдайда осы заңның мүмкіншілігін түсіндіреміз және жауапкердің пікірін ескереміз. Уақыт өте келе отбасындағы ұрыс-керіс басылып, ерлі-зайыптылар татуласып, әрмен қарай үлгілі отбасы болатынын көріп жүрміз.

Тағы бір мысал, ол оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен істерді қарауға қатысты. Судья оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен істерді талап қою қабылданған күннен бастап бір ай мерзімде қарайды. Егер талап қою бағасы заңды тұлғалар үшін – екі мың АЕК-тен, дара кәсіпкерлер, азаматтар үшін бір мың АЕК-тен аспаса, ақшаны өндіріп алу туралы талап қоюлар оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралуға жатады.

Сот егер тарап бұл туралы өтініш хат берсе; үшінші тұлғаның іске кіруі туралы өтініш хаты қанағаттандырылса; қарсы талап қою қабылданса; осы іс бойынша қабылданған сот актісі басқа тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзбаса; дәлелдемелерді олардың тұрған жерінде қарап тексеру және зерттеу жүргізу, сараптама тағайындау немесе куәнің айғақтарын тыңдау қажет болса; қосымша мән-жайларды анықтау немесе қосымша дәлелдемелерді зерттеу қажет болса, істі талап қою ісін жүргізу қағидалары бойынша қарауға көшеді. Оны істі сот талқылауына дайындау туралы ұйғарымда көрсетеді.

Істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізумен қарауға келіспеген тараптар – хабарламаны алған күннен бастап

он бес жұмыс күні ішінде сотқа дауды талап қою ісін жүргізу қағидалары бойынша жалпы тәртіппен қарау туралы өтініш хат, ал жауапкер құжаттар мен дәлелдемелерді қоса бере отырып, талап қоюға пікір (қарсылық) ұсынуға құқылы. Бұл жерде де жауапкердің соттың хабарламасына зер салып, өз уәждері мен дәлелдемелерін сотқа ұсынуы маңызды. Өйткені сотпен берілген 15 жұмыс күні ішінде өтініш хат немесе жалпы тәртіппен қарауға негіз болатын пікір мен дәлелдемелер келмесе, сот оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарады.

Сонымен қатар, кейде «WhatsApp» желісі арқылы қосылған тарап, кафеде, қоғамдық көлікте отырады немесе темекі шегіп отыратын фактілер де кездеседі. Ол өз кезегінде сотты құрметтеушілік болып есептеледі, біз сот отырысын онлайн өткізгенде тараптарға ынғайлы болуын, қосымша шығын болмауын мақсат етеміз. ал оны кей тараптар түсінбей жатады.

АПК-нің 120-бабына сай, сот отырысында сотқа құрметтеушілік білдіру фактісі анықталғанда судья (сот құрамы) құқық бұзушыға бұл туралы дереу сот отырысында жариялайды. Егер сотқа құрметтеушілік сот отырысында білдірілсе және тәртіп бұзушы сот отырысының залынан шығып кеткен жағдайда, сот отырысынан тыс сотқа құрметтеушілік білдірілмеген кезде, сондай-ақ егер сот отырысына келуден жалтары белгіленсе, сот приставы немесе соттың өзге жұмыскері сот төрағасының немесе сот отырысына төрағалық етушінің ауысуша өкімі бойынша құқық бұзушылық туралы хаттама жасайды.

Жоғарыда аталғандарды ескеріп, тараптар өз міндеттері мен құқықтарын заңға сәйкес пайдаланғаны жөн болар.

Берік БАСЫРБАЕВ,
Орал қаласы №2 сотының судьясы

• ЗАМАН ТАЛАБЫ

Елімізде соңғы жылдары «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы шеңберінде көптеген мемлекеттік мекемелер сандық технологияны енгізіп, жұмыс үрдісін оңтайландыруда. Сот жүйесінде де бұл жаңалықтар белсенді түрде қолданылып келеді. Мысалы, «Сот кабинеті» сервисі азаматтарға сот процесіне қатысу үшін онлайн өтінім беруге, құжаттарды электронды түрде жолдауға мүмкіндік береді.

ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ҚОҒАМНЫҢ НЕГІЗГІ ҰСТАНЫМЫ

Бұл жүйе азаматтарға өз құқықтарын қорғауды жеңілдетіп, сот ісін жылдам әрі тиімді жүргізуге септігін тигізуде. Сот процесінің бейнеконференция арқылы өткізу мүмкіндігі сот жүйесінің ашықтығын қамтамасыз етеді және азаматтардың уақыты мен шығынын үнемдеуге жол ашады.

Жаңа буынды сот жүйесінің басты талабының бірі – әділдік пен ашықтықты қамтамасыз ету. Сот процесінің барлық кезеңдері азаматтарға түсінікті болуы тиіс. Мұнда сот жүйесіне қатысты ақпараттың қолжетімділігі, сот шешімінің жариялылығы үлкен рөл атқарады. Жаңа технологиялар арқылы кез келген азамат өз ісінің қалай қаралып жатқанын бақылай алады, сот құжаттарымен танысуға, апелляцияға өтініш беруге мүмкіндігі бар.

Сот жүйесі тек технологиялық тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар адами ресурстармен де нығайтулы қажет. Сот жүйесінің тиімділігі оның кадрларының біліктілігі мен кәсібилігіне байланысты. Осы орайда, сот қызметкерлерінің білімін жетілдіру, тәжірибесін арттыру, сондай-ақ моральдық-этикалық құндылықтарды нығайту аса маңызды.

Судьялар мен сот қызметкерлерінің тәуелсіздігі мен жауапкершілігі жоғары болуы тиіс. Сот төрелігінің әділдігі мен заңдылықты сақтауы осыған тікелей байланысты. Бұл үшін

сот кадрларын іріктеу мен дайындау жүйесі жаңғырғылуда, атап айтқанда, судьялыққа кандидаттарды тестілеу, тәжірибелік дағдыларын бағалау және этикалық нормаларды қатаң сақтау талаптары күшейтілуде.

Жаңа буынды сот жүйесінің тағы бір маңызды аспектісі – дауларды баламалы шешу әдістерін дамыту. Медиация, арбитраж және басқа да баламалы әдістер сот жүктемесін азайтуға, дауларды тез әрі тиімді шешуге мүмкіндік береді. Медиация сот процесіне балама ретінде дауларды екі тараптың келісімімен шешуге бағытталған, бұл өз кезегінде азаматтар мен ұйымдар арасындағы құқықтық қатынастарды реттеудің тиімді құралына айналып отыр. Қазіргі таңда медиация институты қарқынды дамып келеді.

Қорыта келгенде, жаңа буынды сот жүйесі – заман талабы. Цифрландыру, кадрлық әлеуетті арттыру, дауларды шешудің балама әдістерін енгізу – сот жүйесінің жаңа деңгейге көтерілуіне ықпал етеді. Сот төрелігінің әділдігі, ашықтығы, тиімділігі – құқықтық мемлекеттің негізін құрайтын басты құндылықтар. Оны іске асыру жаңа буынды сот жүйесінің басты мақсаты.

Нұрғали МЕДЕТОВ,
Хромтау аудандық сотының судьясы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

• ТҮЙТКІЛ

АЛИМЕНТТЕН ЖАЛТАРҒАҢДАРҒА ЖАУАПТЫЛЫҚ БАР

Еліміздегі ажырасу деректері көбейген сайын, алиментке байланысты мәселелер де қордалана түсуде. Некесі бұзылып, екі жаққа кеткен жұптардың бала алдындағы жауаптылықты орындауы өртүрлі. Ұл-қызының жағдайын ойлап, алиментті тұрақты төлеп тұратын ата-аналар да аз емес. Дегенмен, алимент төлеуден жалтарып, табысын жасырып, мекенжайын өзгертіп түрлі қулыққа баратындардың да кездесетінін жасыруға болмайды.

Әділет министрлігі ұсынған мәліметте көрсетілгендей, алимент төлеуден жалтарушылардың басым бөлігі, яғни 96 пайызы ер адамдар болса, әйелдердің үлесі 4 пайызды құрайды. Биылғы тоғыз айда республикада алимент бойынша 290 мыңнан астам борышкер тіркелсе, оның 280 мыңы – ерлер, 11 мыңнан астамы – әйелдер екен. Ал мұндай көрсеткіштің артында қаншама баланың тағдыры тұрғанын болжау қиын емес.

Бүгінде сананы тұрмыс билеген заман. Кішкентай балалар қаражаттың жетіспеушілігінен қоса, әке-шешенің мейіріміне де шөлдіреп қатарынан төмендеп жатады. Бірақ, оны түсінетін ата-ана қайда? Ажырасқаннан кейін қас жауға айналған жұптардың бірі алимент төлеу бойынша міндеттемесін орындаудан бас тартса, екіншісі баласын күрсетпей, жары алдындағы ұпайын түгендегі келеді. Бұдан да зардап шегетін – балалар.

Алиментке байланысты берешекті өндіруге қиындық көп. Алимент өндіріп алу көбінесе кірістерді жасыру және төлеуден жалтару әрекеттеріне орай қиындайды. Ажырасқан ер адамдар, әдетте, әйелдер алиментті балаларға емес, өздеріне жұмсайды деп санап, барынша аз қаражат беруге тырысады. Көптеген борышкерлер өздерінің нақты табысын жасырып, 85 мың теңге мөлшерінде ең төменгі жалмақын көрсетіп жатады. Бұл үш немесе одан да көп баласы болса да, осы сомадан алимент төлеуге мүмкіндік береді. Осылайша заңдық шектеулерден аулақ болуға тырысатын әкелер өз баласына қиянат жасап жатқанын түсінбейді.

Жеке сот орындаушылар балалардың заңды нәпақасын өндіру үшін қолынан келгенін бәрін жасайды. Бірінші кезекте алиментке байланысты берешекті өндіру назарда ұсталады. Ол үшін пәрменді шаралар қабылданады. Мәселен, қазір елімізде алиментке байланысты қарызы көбейген жеті



Көркем ЖАУЫШПАЕВА,
Алматы облысының жеке сот орындаушысы

мыңнан астам борышкерге Қазақстаннан тыс жерлерге шығуға уақытша шектеу қойылған. Сонымен бірге, жеке сот орындаушылар өкілдікпен, жұмыспен қамту орталықтарымен бірлесіп бос орындар жәрмеңкесін өткізіп, берешегі бар ата-аналардың жұмыс табуына да барынша көмек жасап келеді. Биыл 13 мың борышкер өздеріне ынғайлы жұмыс тауып, алиментті төлеуге мүмкіндік алды.

Жалпы алимент төлемегендерге жауаптылық жоғары. Әділет министрлігінің дерегінше, 2024 жылдың басынан бастап алимент төлемейтін 1875 адам өкімшілік жауапкершілікке тартылған. ҚР Қылмыстық кодексінің 139-бабы бойынша балаларды, еңбекке жарамсыз ата-аналарды, еңбекке жарамсыз жұбайларды асырауға алимент төлеу жөніндегі міндеттемесін орындамаған 304 борышкер қылмыстық жауапкершілікке тартылған. Өкініштісі, жауаптылығы жоқ жандарға ескерту де, жаза да көмектеспейді.

• БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

• ОҢ КАДАМ

«ЗАҢ ГАЗЕТИ» – «ҮРКЕР» СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ИЕГЕРІ



(Соңы. Басы 1-бетте)

Айта кетейік, БАҚ өкілдерінің жұмыстарын беделді журналистер, саланың еңбек сіңірген қайраткерлері мен халықаралық медиа-сарапшылардан құралған тәуелсіз қазылар алқасы бағалайды. Негізгі номинациялардан бөлек, Мәдениет және ақпарат министрі Аида Баласава «Время» газеті ұжымына арнайы сыйлықты тарту етті. Мұндай марапат балалар жазушысы Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдық мерейтойына орай «Заң газетіне» де бұйырды. Биылғы «ҮРКЕР» сыйлығының жеңімпаздары:

- 1. Жылдың үздік сұхбаты – Нұрлан Оразғалиев (Inbusiness.kz);

- 2. Жылдың үздік репортажы – Юлия Абрамова (Nur.kz);
- 3. Әлеуметтік тақырыптағы үздік материал – Ксения Евдокименко (Time.kz);
- 4. Жылдың үздік журналистик зерттеуі – Нұрлат Байкенже («Астана ақшамы» газеті);
- 5. Жылдың үздік аналитикалық материалы – Тимур Ниталиев (Ulusmedia.kz);
- 6. Радиостанциядағы үздік жоба – Қымбат Досжан (Қазақ радиосы);
- 7. Жылдың үздік фотосуреті – Сали Сабиров (Olympic.kz);
- 8. Жылдың үздік жаңалықтар порталы – Abai.kz;
- 9. Үздік өңірлік БАҚ – «Наш Костанай» газеті;
- 10. Халықаралық БАҚ-та

Қазақстан туралы жарияланған үздік материал (баспа, радио, интернет-журналистика саласында) – Торғын Ашенова («Омбы қазақтары» газеті);

- 11. Үздік подкаст – NeQurlytay;
- 12. Үздік YouTube каналы – Sayahat Time (balbal.kz).

Конкурс қорытындысы бойынша әр номинацияның жеңімпазына «Үркер» – 2024 естелік мүсіншесі мен 1 миллион теңге көлемінде ақшалай сыйақы табыстады.

«Үркер» құтты болсын, әріптестер!

Қуаныш ЕРМЕКОВА,
«Заң газеті»

Жасанды интеллект (AI) – бұл машиналар мен компьютерлерге адамның ойлау, түсіну және шешім қабылдау қабілеттерін беру үшін қолданылатын технологиялар жиынтығы. Компьютерлердің үлкен көлемдегі деректерді талдап, күрделі тапсырмаларды автоматтандыру мүмкіндіктері адамның іс-әрекетін жеңілдетіп, түрлі салаларда шешім қабылдауына көмектеседі.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІҢ ИГІЛІГІН ҚАШАН КӨРЕМІЗ?

Бүгінде жасанды интеллекттің әсері Қазақстанда да айқын көрініп отыр. Елдің цифрлық даму стратегиясында бұл технология ерекше орын алады. Жасанды интеллекттің Қазақстандағы дамуы соңғы жылдары айтарлықтай жеделдеді. Елдің 2024–2029 жылдарға арналған цифрлық трансформация концепциясына сәйкес, жасанды интеллектті мемлекеттік қызметтерде, экономикада және денсаулық сақтау жүйесінде кеңінен қолдану жоспарлануда. Жасанды интеллектті қолдану арқылы Қазақстан өз экономикасын жақсартып, жалаңаштық цифрлық нарықтағы рөлін күшейтуге бағыт алды.

Жасанды интеллект бүгінгі күні көптеген елдерде белсенді түрде дамып, әртүрлі салаларда қолданыс табууда. Әлемдік көшбасшы елдер жасанды интеллекттің мүмкіндіктерін кеңінен зерттеп, оны экономика, денсаулық сақтау, білім беру және қауіпсіздік сияқты негізгі салаларда қолдануда. АҚШ жасанды интеллектті дамыту бойынша әлемде алдыңғы қатарлы елдердің бірі. Google, Microsoft, және Amazon сияқты ірі корпорациялар AI технологияларына үлкен қаражат салауда және бұл технологияларды коммерциялық қолдану саласында үлкен жетістіктерге жетіп отыр. Сонымен қатар, АҚШ үкіметі жасанды интеллект саласында этикалық стандарттарды анықтау және AI технологияларын реттеу бойынша маңызды қадамдар жасауда.

Қытай елі де жасанды интеллектті дамытуда үлкен жетістіктерге қол жеткізді, бұл елдің экономикалық және саяси стратегияларының маңызды бөлігін құрайды. Қытай үкіметі AI технологияларына миллиардтаған доллар инвестиция құйып, жасанды интеллект қалаларын құру жобаларын жүзеге асыруда. Мысалы, Қытайдағы SenseTime және Baidu сияқты компаниялар AI технологияларын қарқынды дамытып, бұл технологияларды күнделікті өмірде қолдануға бағытталған жобаларға белсенді түрде атсалысып келеді.

2024 жылы Астанада Ұлттық жасанды интеллект орталығының ашылуы жасанды интеллектті Қазақстанның экономикасына

кеңінен енгізудің маңызды қадамдарының бірі болып отыр. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бұл орталықты елдің цифрлық болашағы үшін стратегиялық бастама деп атады. Орталық жасанды интеллект технологияларын зерттеп, оны елдің түрлі салаларына енгізуге көмектеседі. Орталықтың мақсаты – AI технологияларын қолдану арқылы елдің денсаулық сақтау, білім беру және экономика сияқты негізгі салаларын дамыту. Қазақстанның суперкомпьютер орнату, деректерді өңдеу орталықтарын құру және ұлттық AI платформасын жасау жоспарлары – цифрлық трансформацияның негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Бұған қоса, орталықта студенттер мен кәсіпкерлер өз жобаларын жүзеге асырып, жасанды интеллектті нақты өмірде қолдануды үйренеді.

Сіз не дейсіз?

Карима СҰЛТАНҒАЛИ, IT маманы:
– «Бұл орталық Қазақстанның цифрлық әлемде алға жылжуына үлкен мүмкіндік береді. Жасанды интеллект технологияларын қолдану арқылы біз халықаралық деңгейдегі жобаларды іске асыра аламыз. Жасанды интеллекттің Қазақстандағы нақты нәтижелерінің бірі – қазақстандық ImmuniGuide стартапының жетістігі. 2024 жылдың қыркүйегінде іске қосылған бұл платформа иммундық жүйені қан талдаулары арқылы талдап, адамның денсаулығына қатысты нақты ұсыныстар береді. 98,7% дәлдікпен жұмыс істейтін платформа жасырын инфекцияларды анықтап, дененің түрлі факторларға реакциясын бақылайды. ImmuniGuide стартапы Қазақстанның денсаулық сақтау саласында жасанды интеллектті қолдану арқылы жаңа жетістіктерге жетіп отырғанын көрсетеді. Бұл жоба халықаралық нарыққа шығуды көздеп, болашақта Азия, Еуропа және АҚШ елдерінде қолданысқа енеді деп жоспарланып отыр.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

• САРАП

ҚҰРЫЛЫС – ЭКОНОМИКАНЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ

Қазақстан жыл сайын 1 млрд-тан астам доллардың құрылыс материалдарын импорттайды. Құрылыс – кез келген елде экономиканың қозғаушы күшінің бірі саналады. Өйткені ол мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуының айнасы іспетті. Құрылыстың өсімі тұрғын үйлерден бастап, балабақша, мектеп, аурухана сияқты әлеуметтік және өзге де нысандар мен түрлі өндіріс орындарының салынуымен өлшенеді.

Мәселен, пайдалануға берілген тұрғын ғимараттарының жалпы алаңы 1991 жылы республикада 6130 мың шаршы метрді құраған екен. Бұл көрсеткіш алғашқы онжылдықта 1 218 мың шаршы метрге дейін азайды. Содан кейін ғана қайтадан өсіп, былтыр 17 827 мың шаршы метрге дейін жетті. Ал пайдалануға берілген тұрғын үйлердегі пәтерлер саны 1991 жылғы 84,5 мыңнан 1999 жылы 9,6 мыңға дейін азайып, 2000 жылдан бастап қайта өсіп 160,4 мыңға дейін ұлғайды. Осыған қарамастан құрылыс саласының жалпы ішкі өнімдегі үлесі 6 пайызды ғана құрап, 1991 жылғы 7,6 пайыздық көрсеткішке әлі жете алған жоқ.

Статистикаға көз жүгіртетін болсақ, құрылыс материалдары нарығының үштен бірі импортқа тәуелді. Отандық құрылыс материалдарының үлесі тек соңғы жылдары ғана ұлғайды. Оған дейін 1997 жылы 10 желтоқсанда астана мәртебесіне ие болған бұрынғы Ақмола, қазіргі Астана қаласындағы ауқымды құрылыс жұмыстары айтарлықтай ықпал ете алмады. Сарапшылардың айтуынша, ұзақ уақыт бойы өз алдына жеке министрлігі болмаған соң, соңғы 30 жылда салынған 4 қаланың құрылыс жұмыстарына жұмсалған бюджеттік және инвестициялық қаржының айтарлықтай бөлігі әлі күнге дейін импорттық құрылыс материалдарына жұмсалуда.

Бағдарлама; Қазақстан Республикасының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғыртудың 2011 – 2020 жылдарға арналған бағдарламасы; «Қолжетімді тұрғын үй – 2020» бағдарламасы; «Нұрлы жер» мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламасы және тағы басқа да құрылыс саласын дамытуға қатысты осы уақытқа дейін қабылданған мемлекеттік бағдарламалар мен жоспарлардың атын да, санын да қазір ешкім деп басып айта алмайтын жағдайдамыз. Өйткені Үкімет басшысы мен салаға қатысы бар орган басшылары ауысқан сайын, өзіне дейінгілер қабылдаған бағдарлама, жоспарлардың нәтижесін жоққа шығарып, орта жолдан асығыс жаңа реформа жасау дағдыға айналған. Ең қиыны, олардың ешбірі өзіне ешқандай жауапкершілік алған жоқ. Келді, көрді, кетті. Нәтижесінде шетелден жалынды-жалпайып жүріп сұрап алған миллиардтаған долларлық шетелдік инвестицияның игілігін бізден гөрі, инвесторлар көбірек көрді.

Олар келісімшарттардағы олқылықтарды пайдаланып, өндіріске қажетті техника мен технологиядан бөлек, күнделікті қолданатын қарапайым тұрмыстық заттары мен ауысуының өзін сырттан тасымауға арқылы өз елдерінің экономикасын дамытуға үлес қосты. Еліміздегі құрылыс материалдарының өнеркәсіпін дамытудың негізгі мақсаты осы бағдарламалар шеңберінде отандық құрылыс материалдарын тұтынуды 80 пайызға дейін жеткізу болатын. Алайда ол әлі орындалған жоқ.

Мәселен, Қазақстан Республикасында құрылыс индустриясын және

құрылыс материалдары өндірісін дамыту жөніндегі 2010–2014 жылдарға арналған бағдарламаның нысаналы индикаторлары бойынша: 1. Өзге де металл емес минералдық өнімдер өндірісінде жалпы қосылған құнды 2008 жылғы деңгейге қатысты нақты мән де кемінде 66 %-ға ұлғайту. 2. Ішкі нарық қажеттілігіне қарай 80 % құрылыс материалдарымен қанағаттандыру. 3. Өзге де металл емес минералдық өнімдер өндірісінде еңбек өнімділігін 2008 жылғы деңгейге қатысты нақты мән де 1,9 есеге ұлғайту қарастырылған болатын.

Құрылғанына 1 жылдан енді ғана асқан Өнеркәсіп және құрылыс ми-

- Үкімет басшысы мен салаға қатысы бар орган басшылары ауысқан сайын, өзіне дейінгілер қабылдаған бағдарлама, жоспарлардың нәтижесін жоққа шығарып, орта жолдан асығыс жаңа реформа жасау дағдыға айналған. Ең қиыны, олардың ешбірі өзіне ешқандай жауапкершілік алған жоқ. Келді, көрді, кетті. Нәтижесінде шетелден жалынды-жалпайып жүріп сұрап алған миллиардтаған долларлық инвестицияның игілігін бізден гөрі, инвесторлар көбірек көрді.

нистрілігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық комитетінің төрағасы Мұхамед Андақовтың айтуынша, былтыр еліміз 1 млрд 176 млн доллардың құрылыс материалдарын шет елдерден сатып алды. Соның нәтижесінде импорттық құрылыс материалдарының үлесі 32 пайызды құрады. Олардың 42 пайызға жуығы Ресейден болса, 24 пайыздайы Қытайдан, 6 пайыздайы Өзбекстаннан импортталды. Ал отандық құрылыс материалдарының үлесі 2020 жылы 56 пайызды, 2022 жылы 66 пайызды, 2023 жылы 68 пайызды құрады.

«Министрліктің ақпараты бойынша, елімізден 2,5 млн адам баспанаға мұқтаж. Біздің есептеуімізше, 4 млн-ға жуық азамат баспаналы болуды армандайды. Өйткені жалақыдан жалақыға дейін күн көретін адамдардың баспана сатып алу үшін қаржы жинайтын мүм-

кіншілігі жоқ», – деген ҚР Құрылысшылар одағының төрағасы Талғат Ерғалиев бұған да күмәнмен қарап отыр.

Маманның айтуынша, ішкі нарықты 100 пайыз отандық өніммен қамтамасыз ету мүмкін емес. Ол ең алдымен өнімнің сапасына және әлемдегі озық құрылыс стандарттарына сәйкестігіне байланысты. Саладағы ұзақ жыл бойы қордаланған мәселені шешу жаңа Құрылыс кодексын қабылдаудан басталу керек. Ал біз бұл салада әлі Еңбек дәуіріндегі нормативтерді қолданып жүрміз. Кейбіреулер айтып жүргендей отандық құрылыс мамандарының кәсіби білімі төмен деген пікір де еш негізсіз. Ондағы мәселенің бірі саланың қызметін реттеп, қадағалайтын уәкілетті органның өз қызметін әлемдік озық стандарттарға сәйкестендіруіне байланысты.

Қазақстан заңнамасына сәйкес өз құзыреті шегінде сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі, тұрғын үй қатынастары, коммуналдық шаруашылық саласындағы бақылау және іске асыру, коммуналдық қалдықтарды

вестицияның жетіспеуі экономиканың өсімін тежеп тұрған басты мәселе болып тұр. Инвестицияның тапшылығы болашақта тоқырауға әкеп соқтырады. Былтыр негізгі капиталға салынған қаражат ішкі жалпы өнімге шаққанда небәрі 15 пайыз болды. Бұған негізінен еліміздегі банктердің экономиканы дамытуға белсенді атсалыспауы себеп болып отыр. Мұндай ахуал Үкіметті тікелей қаржыландырумен, кепілдік және субсидия берумен айналысуға мәжбүрлейді. Бұл тәсіл тиімсіз, көп қаражатты талап етеді әрі нарықтық экономика қағидаларына қайшы келеді», – деген сөздері еріксіз еске түседі.


Ұлттық статистика бюросының мәліметінде, биылғы 7 айдың қорытындысы бойынша Қазақстанда құрылыс материалдары өндірісіне салынған инвестициялар көлемі 33,2 пайызға артып, 67,5-тен 90 млрд теңге жуықтады. 2023 жылғы сәйкес кезеңде өңдеу өнеркәсібінің осы секторына 67,5 млрд теңге инвестиция тартылған болатын. Биыл инвестиция тарту бойынша өңірлер арасында Алматы облысы көш бастады. Мұнда өңірдің құрылыс материалдарын өндіру саласына инвестиция салу 6,9 есе ұлғайған. Атап айтқанда, былтыр ол 4 млрд теңге болса, биыл 27,5 млрд теңгені құрады. Мұндай жоғары өсім бетоннан жасалған құрылыс бұйымдары өндірісіне инвестициялар көлемінің 184,7 млн теңгеден 6,3 млрд теңгеге дейін 34,2 есе ұлғаюына байланысты болып отыр.

Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінде құрылысшылар күнін мерекеге арналған 9 тамыздағы салтанатты жиында министр Қанат Шарлапаев бұл салада 648 мыңға жуық адам 53 мыңнан астам компанияда жұмыс істейтінін айтты. Егер бұған құрылыс материалдары өндірісі мен құрылыс материалдарын сататын сауда орындарындағы және тұрғын үйлердегі жеке пәтер иелерінің сұранысы бойынша ағымдағы және күрделі жөндеу жұмыстары жүргізетін жаламанды жұмысшыларды қосатын болсақ, бұл сан миллионға дейін жетері күмәнсіз. Яғни, әр отбасында кемінде 4-5 адам бар дейтін болсақ, құрылыс саласы ел тұрғындарының төрттен бірінің негізгі күнкөріс көзі деуге болады.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

• КИЕ

Тіл – мемлекеттің тұғырлы тірегі, халықтың рухани байлығы, өткені мен болашағының айқын көрінісі. Тіл қай елде, ұлтта болсын қастерлі, құдіретті.



ТІЛ – БАБАЛАР АМАНАТЫ

Тіл – кешегі ұлы тұлғалардың бізге қалдырған аманаты. Тілдің тағдыры мен болашағы – еліміздің әрбір азаматының қолында деп ойлаймын. Сол себепті әрқайсысымыз тілімізге ерекше сый-құрмет көрсетіп, оны дамытуға барынша үлес қосуымыз керек.

Ел тәуелсіздігі – тіл тәуелсіздігі. Тіл – ұлттың төлқұжаты, мемлекеттің тұғыры. Мемлекеттік тіліміздің қоғамдық өмірдің әр саласында кеңінен қолданылуы – ұлтты біріктіруге жетелейтін фактор екені баршамызға мәлім. Сондықтан мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру – еліміздегі мемлекеттік саясаттың ең маңызды бағытының бірі саналады. Мемлекеттік тіл арқылы қоғам мүшелері, жеке тұлға мен мемлекет арасындағы өзара қарым-қатынас жасалады.

Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып саналады. Тіл мен егемендік егіз ұғым. Тілсіз – тәуелсіздік, егемендіксіз – тіл болмақ емес. Тіл – тәуелсіздіктің қуатты тірегі, бірлік пен ынтымақтың жығылмас туы.

Халықтың тәуелсіздігінің ең басты белгісі – оның ана тілі. Ұлттық мәдениеті жоқ ел ешқашан да егеменді ел бола алмайды, болуы мүмкін емес. «Тіл туралы» заңның 4-бабында: «Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы» деп жазылған. Қазақ тіліне көрсетілетін сый-құрмет ерекше қалыптасып келеді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына жолдауында: «Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келді деп есептеймін. Бірақ мұндай дәрежеге жету үшін бәріміз даңғазға жасамай, жұмыла жұмыс жүргізуіміз керек», – деген болатын. Тіл мәселесінде елдің бірлігі, ынтымағы аса маңызды.

Ильяс КӘКІМ,
Көкшетау қаласы
мамандандырылған тергеу
сотының төрағасы

• БІЛГЕН ЖӨН

АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУДЕГІ КАССАЦИЯЛЫҚ ТӘРТІП

Азаматтық сот ісін жүргізудегі кассациялық саты соттардың заңды күшіне енген сот актілерін қайта қарау процесі ретінде Қазақстан Республикасының Конституциясына және Азаматтық іс жүргізу кодексіне негізделеді.

Кассациялық іс жүргізу институты азаматтық, отбасылық, еңбек, тұрғын үй, қаржы, жер және өзге де құқықтық қатынастардан туындайтын материалдық құқықтық қатынастарды зерттейтін заңды күшіне енген сот актілерінің заңдылығын тексерудің негізі мен тәртібін қамтамасыз етеді. Кассациялық іс жүргізуде төменгі сатыдағы сотқа бұрын ұсынылмаған жаңа дәлелдемелер қаралмайды, бірақ заңды күшіне енген сот актілерінің (шешімдер, ұйғарымдар, қаулылар, сондай-ақ азаматтық-құқықтық қатынастар жөніндегі сот алқасының қаулыларының) Конституция мен заң нормаларына сәйкестігі тексеріледі.

Жалпы ереже бойынша кассациялық іс жүргізудің міндетті шарты бірінші сатыдағы соттың апелляциялық тәртіппен шағымданған сот актілерін, сондай-ақ апелляциялық сатыдағы соттардың заңды күшіне енген сот актілерін қайта қарау болып табылады. Сот шешімі шығарылған күннен бастап бір ай ішінде тараптар және үшінші тұлғалардан, сондай-ақ сот отырысына қатысқан процессік прокурордан апелляциялық шағым болмаса, шешім заңды күшіне енген болып есептеледі. Сот отырысына қатыспаған адамдар шешімнің көшірмесі өздеріне жіберілген (тапсырылған) күннен бастап шешімге шағым жасай алады.

Кассациялық сот – бұл сот алқасының төрағасы төрағалық ететін Қазақстан Жоғарғы Сотының азаматтық-құқықтық қатынастар жөніндегі сот алқасы судьяларының алқалы құрамы (кемінде үш судьядан), Жоғарғы Сот төрағасы төрағалық ететін Қазақстан Жоғарғы Соты судьяларының (кемінде жеті) алқалы құрамынан тұрады. Заңда көзделген негіздер бойынша

кассациялық сот алқасының судьясы бас тартуға немесе оған қарсылық білдіруге құқылы.

Кассациялық іс жүргізудің ерекшелігі – заңда көзделген негіздер бойынша сот отырысына қатысқан процессік прокурордың Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына кассациялық өтініш беру құқығына ие болуын білдіреді. Бірақ сот отырысында материалдық құқықтық қатынастың мазмұны бойынша пікір білдірген адамдардың сот актісіне апелляциялық немесе кассациялық шағым беруге құқығы жоқ.

Бірінші сатыдағы соттың заңды күшіне енген шешімін немесе ұйғарымын, апелляциялық сатыдағы соттың ұйғарымын қайта қарау туралы кассациялық шағым заңда көзделген негіздер бойынша берілуі мүмкін. Атап айтқанда, кассациялық шағымда:

- өтініш беру күні мен орны;
- сот актісін шығарған соттың (соттардың) атауы мен құрамы;
- кассациялық шағым берген тұлға;
- дау нысанасы;
- сот анықтаған мән-жайлар;
- сот актісінің (актілерінің) қысқаша мазмұны;
- соттың қорытындылары және ол басшылыққа алған заңдар, сондай-ақ заңның дұрыс қолданылмауы немесе түсіндірілмеуі себептері;
- тараптар арасында сот шығындарын бөлу.

Сондай-ақ кассациялық шағымда сот актісін сөзсіз жоюға әкеп соғатын іс жүргізу заңнамасын елеулі бұзушылықтар көрсетілуі тиіс.

Гүлназ КИКБАЕВА,
Атырау қалалық соты
әкімшісінің жетекші маманы

• СОТ СӨЙЛЕСІН

ТЕРГЕУ СУДЬЯСЫНЫҢ ӨКІЛЕТТІГІ КЕҢ

Қылмыстық қудалау органдарының іс-әрекеттері және шешімдері жеке құқықтары мен бостандықтарына тікелей әсер еткен жеке тұлғалар (Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар), сондай-ақ ұйымдар, егер көрсетілген актілер олардың заңды мүддесіне әсер етсе, сол сияқты олардың қорғаушылары, өкілдері сотқа шағыммен жүгінуге құқылы. Прокурордың, қылмыстық қудалау органдарының әрекеттеріне және шешімдеріне жасалған шағымдарды қарау тергеу судьясының өкілеттігіне жатады.

Азаматтар прокурордың, тергеу және анықтау органдарының әрекеті және шешіміне орай сотқа жүгіне алады. Айталық қылмыстық құқық бұзушылық туралы, сондай-ақ сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуына, тергеп-тексеру мерзімін ұзу, қылмыстық істі тоқтату, сот-медициналық сараптама жүргізу үшін медициналық ұйымға мәжбүрлеп орналастыру, тінтуді және алуды жүргізу, өзге де әрекеттерді жасауда және шешімдерді қабылдауда заңның бұзылуына қатысты арызды қабылдаудан бас тартылған жағдайда азаматтар өз талабын растап шағым жаза алады.

Заңда өзге тәртіппен шағымдану көзделген процессік әрекеттер мен шешімдердің күшін жою туралы шағымдар ҚПК-нің 106-бабының тәртібімен қарауға жатпайды. Атап айтқанда Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімінде қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызды, хабарламаны немесе баянатты тіркеудің күшін жою туралы шағымдар, сондай-ақ дәлелдемелерді жарамсыз деп тану туралы шағымдар қарауға жатпайды.

Адамды күдікті, қорғануға құқығы бар куә деп тану, әрекетті дұрыс саралау немесе айыптауды тұжырымдау, не оның дәлелденбегені туралы, күдікті деп тану және әрекетті саралау кезінде заңды дұрыс қолданбау туралы шағымдарды тергеу судьясы қарамайды. Сот санкция берген бұлтартпау шарасын өзгерту туралы шағымдар, сондай-ақ сот актілерінің заңсыздығы туралы шағымдар тергеу судьясының өкілеттігі тәртібімен қарауға жатпайды.

Сот шағымды қараған кезде істегі бар дәлелдемелерге баға бермей, арыз иесі өз

шағымında көрсеткен барлық мән-жайларды анықтаушының, тергеушінің, прокурордың тексергенін және ескергенін анықтауға тиіс. Бұл ретте сот кінәнің дәлелденгені немесе дәлелденбегені, жиналған дәлелдемелердің жол берілетіндігі немесе жол берілмейтіндігі туралы түйін жасамай, іс бойынша шешім қабылдау үшін материалдық-құқықтық және процесік негіздердің бар екенін, не жоқ екенін тексеруге тиіс.

Шағым қылмыстық процесі жүргізетін орган тұрған жердегі аудандық сотқа, тұлғаның келіспеген шешіммен танысқан күнінен бастап он бес тәулік ішінде не прокурордың өз атына берілген шағымды қанағаттандырудан бас тартатыны туралы хабарламасы алынғаннан кейін дәл сол мерзімде немесе, егер прокурорға берілген шағымға жауап алынбаған болса, шағым берілгеннен кейін он бес тәулік өткен күннен бастап берілуі мүмкін.

Шағымды тергеу судьясы үш тәулік ішінде сот отырысын өткізбей жеке-дара қарайды. Егер заңды және негізді шешім қабылдау үшін маңызы бар мән-жайларды зерттеу қажет болса, тергеу судьясы шағымды он тәулік ішінде жабық сот отырысында тиісті тұлғалар мен прокурордың қатысуымен қарайды.

Тергеу судьясы сотқа дейінгі қылмыстық сот ісін жүргізуде адамдардың құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің сақталуына сот бақылауын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Бұл сотқа дейінгі қылмыстық сот ісін жүргізу барысында айыптаушы және қорғаушы тараптың жарыспалылығы мен тең құқылығы қағидатының толыққанды жүзеге асуына мүмкіндік береді.

Ансатек НАЗАРҚҰЛОВ,
Байзақ аудандық сотының судьясы
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ



• БАЗЫНА

ҚАЗАҚТЫҢ ДАУЫН ОРЫСША ШЕШУГЕ МӘЖБҮРМІЗ

«Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте», – деп Қадыр Мырзалиев айтқандай, қазіргі қоғам басқа тілді үйренуге еш шек қоймайды. Дегенмен, қазақ тілін мемлекеттік тіл дәрежесіне көтеруде әрбір қазақтың үлесі болуы керек деп ойлаймын.

Қазіргі жаһандану заманында көп тіл білудің зияны жоқ. Алайда, ең бірінші мемлекеттік тілді білу әрбір азаматтың міндеті. Тілімізді нығайтуға қатысты талай іс-шаралар жасалды. Сондай-ақ, мемлекеттік тіліміздің мәртебесі айқындалып, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңда қабылданды. Мемлекет басшысы да халыққа жолданған әр жолдауы мен салмақты бағдарламаларында тілге қамқорлық танытып келеді.

Қазіргі таңда мемлекеттік ұйымдарда мемлекеттік тіл – қазақ тілі мәселесі көп талқыланып, айтылып, жазылып келеді. Әрине өзгерістер жоқ емес, бар. Алайда мемлекеттік тілді толықтай енгізу және дамыту мәселесі қазіргі уақытқа дейін толық шешілді деуге болмас. Өкінішке қарай, тілдің тірегі өзіміз екеніне қарамастан, өзге тілде сөйлеуге құмар жандардың әлі де болса бар екені шындық. Тіпті соттағы тәжірибеге көз жүгіртсек, әлі де болса өз қазағымыздың орыс тілінде арыз жазуы тоқтамай келеді. Қазақтың дауын орысша шешуге мәжбүр екеніміз жасырын емес. Өйткені, сотқа талап қою кай тілде берілсе, талап сол тілде қаралатыны заңмен бекітілген.

Ата Заңымыздың 7-бабында Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі деп тайға таңба басқандай айшықталған. «Тіл туралы» заңның 4-бабында мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі екені, Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – әрбір азаматтың парызы екендігі көрсетілген.

Қазіргі таңда сот жүйесіндегі қызметкерлердің барлығы дерлік қазақ тілін еркін меңгерген, сот төрелігін мемлекеттік тілде сапалы жүзеге асыра алатын тұлғалар екенін, бүгінгі күні мемлекеттік органдар мен мекемелерде рәсімделетін кіріс, шығыс құжаттарының сауатты дайындалуы, мемлекеттік тілге бағытталған сұраныстың деңгей-дәрежесінің жоғары екенін көрсетеді. Дей тұрғанмен, Қазақстанда қазақ тілінің мәртебесін, оның құзыретін іс жүзінде нығайту мәселесі әлі күнге өзектілігін жоғалтқан жоқ. Бұл шындығында бәрімізге артылған жауапкершілік жүгі, барша

қазақстандықтың ортақ ісі. Отбасындағы тәрбиеден бастап, ел басындағы азаматтарға дейін өз ісінде осыны естен шығармауы тиіс.

Өзім қызмет етіп отырған Атырау облысы Қызылқоға аудандық сотында құжат айналымы 100% мемлекеттік тілде жүргізіледі. Ауылымызда өзге ұлт өкілдері жоқ. Барлығы тек өз тілінде қазақша сөйлеседі. Қазақ тілінде сөйлеу біздің ауданда мәселе емес. Солай екен деп, ана тіліміздің мәртебесін сақтап қалу жолында біздің де бей-жәй қарап отыра алмауымыз анық.

Ойымды түйіндей келіп, қандай құжат болса да ең әуелі қазақ тілінде дайындалуын жүзеге асыру және мемлекеттік тілде әзірленетін құжаттардың сауаттылығы мен сапасын арттыру үшін лауазымды тұлғалардың, мемлекеттік қызметкерлердің мемлекеттік тілді білуін талап етуге бағытталған іс-шаралардың атқарылғаны жөн деп есептеймін. Шын мәнінде, егеменді еліміздің тірегі, ұлтымыздың айшығы, мәңгілік бойтұмарымыз – біздің тіліміз. Ал, осынау сөзге бай, құнарлы әрі нәрлі тілді құрметтеп, оның мәртебесін көтеру баршамызға ортақ парыз.

БАБДУАЛИЕВА,
Қызылқоға аудандық соты
әкімшісінің бас маманы
АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Оның үстіне, қазіргідей судьялық лауазымға бос вакансиялар көп кезде, судьялардың зейнеттік жасына қатысты шектеуге заңдық өзгеріс енгізу кезек күттірмейді.

Азаматтық істе де, қылмыстық істе де соттың алдына жиналған материалдарға баға беру өте қиын. Қылмыстық әрекеттің дәрежесін сараптау өте күрделі. Оған өмірлік тәжірибе керек. АҚШ-та мәселен, әрбір судьяда 3 көмекші, 1 хатшы болады. Қазір біздің судьялар том-том болатын қылмыстық істерді оқып, оған қатысты үкім, шешімдердің бәрін компьютерге өзі тереді. Ал заңдарға өзгерістер мен толықтырулар күнде енгізіліп жатыр. Олардың бәрін оқып, зерттеп, сот ісінде қандай заңды, қандай нормативтік қаулыны қолдануға болатынын талдау керек. Осының бәрін атқару өте қиын. АҚШ-та қандай істе қандай заңды, қандай нормативтік қаулыны қолдануға болатынын және бұған дейін осыған ұқсас істерде қандай шешімдер қабылданғанын судьяның көмекшілері дайындап әкел береді. Судья тек процесті ғана ойлап, ашылған айғақтарға баға беріп, қанша мөлшерде қандай жаза тағайындау керектігін ше-



Советхан СӘКЕНОВ, құрметті демалыстағы судья:

«ӘДІЛДІК ЖОҚ ЖЕРДЕ МЕМЛЕКЕТ ДАМУМАЙДЫ»

Бізге аса ауыр қылмыстарды қарайтын жеке соттың қажеті қанша? Оны аудандық сотта да қарауға болады. Бізде оны қарайтын жерге алқабилерді жан-жақтан жинайды. Олардың іссапары, жатын орны, тамағы мен жалақысы да төленеді. Ал істі қарайтын алқабилерде ешқандай жауапкершілік жоқ. Жауапкершілік жоқ жерде, әділдік болмайды ешқашан. Мәселен, көкшетауда қаралған бір қылмыстық іс қазір бесінші рет қайта қаралып жатыр. Жоғарғы Сот бұзған, содан кейін алқабилер қайта қарап ақтаса, Жоғарғы Сот қайта бұзып, осылай бірі бұзып, екіншісі ақтап іс әлі жалғасуда.

шеді. Журналист, жазушыларда шығармашылық ойлау қаншалықты маңызды болатын болса, судьяда да сондай творчестволық ойлау керек. Өйткені адамның тағдыры ойыншық емес. Респубикада 2700 судья бар екен. Бұл соншалықты көп емес. Мен мұны бұқаралық ақпарат құралдарында бұған дейін де сан мәрте айттып, жазып жүрмін. Ең болмаса әрбір судьяға бір-бір хатшыдан берсе, соның өзі үлкен көмек болар еді. Өйткені судьялардың көп уақытын шешім, үкімді жазу және оны компьютерге теру мен қажетті заңдарды іздеу жұмысы алады. Одан кейін судьяға еркіндік беру керек. Судья 63-ке толған соң арызын жазып, зейнетке шығам десе де, жоқ күш-қуатын жетеді, ары қарай да істей берем десе мүмкіндік беру қажет. Көршілес Қырғызстан мен Өзбекстанда судьялар 70 жасқа дейін жұмыс істейді. Бізде 63 жас, оны ары қарай екі жылға созу Жоғарғы Сот төрағасының құзырында. Бүкіл республикада 65 жасқа дейін істегендер саусақпен санарлық. Ал қай судьялардың 63 жастан соң жұмыс мерзімін ұзартудың нақты тетігі жасалмаған. Заңмен жұмыс істейтін лауазым иелерінің барлық жұмысы заңмен реттелуі керек емес пе?

– Бұл мәселені Жоғарғы Сот төрағасы мен Жоғарғы Сот Кеңесінің құзырында қалдыру заңға тәжірибелі емес пе?

– Солай деуге болады. Мысалы, әйел судьялар 61 жасқа, ер азаматтар 63 жасқа зейнет жасына жетіп, доғарысқа шыққаннан кейін 65 жасқа дейін бос орын болса Жоғарғы Сот төрағасының өкімімен жарты жыл істейді. Содан кейін Жоғарғы Соттың төрағасы өзі өкім шығарып, созып отырады. Судьялар Президент Жарлығымен тағайындалса да, зейнетке шыққан соң 65 жасқа дейін жарты жыл сайын Жоғарғы Сот төрағасына жалтақтап жұмыс істейді. Дұрысы зейнет жасынан асқан судьяның жұмысын созу механизмін нақтылап, Конституцияда бекіту керек. Ал қазіргі жағдай судьяларды алашауға, күмән-күдікті көбейтуге түрткі болады. 20 жыл салада табанды жұмыс істеген адам 63-ке толғанда, доғарысқа шыққанда берілетін қаржысын төлеп, егер сот әдебин бұзбай, жұмысы мінсіз болса ары қарай қызметін 70-75 жасқа дейін жалғастыруына мүмкіндік берген орынды. Осының бәрін ретке келтіруге болады. Қазір мемлекет оны сезінбей отырған шығар, бірақ оның зар-

дабы уақыт өте келе білінеді. Мінсіз қызмет жасаған ардагер судьяларды сот жұмысын жандандыруға пайдаланып, өмірлік тәжірибесін кейінгі жас судьялармен бөлісу үшін консультант ретінде қызметке алғаннан ұтарымыз көп. Өйткені, өмірлік сот тәжірибесін уақыт қалыптастырады. Кәсіби білімі, өмірлік тәжірибесі бар мықты судьялар – әділет жолындағы мемлекеттің баға жетпес байлығы ғой. Олардың жас судьяларға үйретері ұшан-теңіз.

– Жоғары Сот Кеңесі қазір сот саласындағы бүкіл кадр мәселесін шешіп отыр. Соңғы жылдары сот корпусында кадр жемісіндейіні жәкі айтылады. Сонда соның болуға қызығатындар аз ба? Әлде талап өте үлкен бе?

– Республикамызда 2700 судья бар болса, тағы 300-400 судья вакансиясы бос тұр. Алматы, Шымкент, Астана қалаларында сот жүктемесі өте жоғары. Онда әрбір судьяның орны қатты сезіліп тұрады. Бала күтіміне байланысты демалысқа шыққан әйелдердің, денсаулығына байланысты ем қабылдаған судьялардың жүктемесі қызметтегі әріптестерінің иығына түседі. Бұл судьялар үшін үлкен ауырлық. Осының бәрін реттеу Жоғарғы Сот Кеңесінің жұмысы, міндеті ғой.

Бізде шыңдығында талап өте жоғары. Одан өту қиын. Біз өз деңгейіміздің талабына сай болуымыз керек. Мемлекетіміздің жағдайы, әлеуметтік жағдайымыз қалай? АҚШ, Германия, Жапония сияқты елдерде білім де, халқының жемқорлық пен сыбайластыққа қатысты рухани тазалығы да жоғары. Бізде бұл екеуі де мөз емес. Ал талап солармен бірдей. Сондықтан ең бастысы судьялыққа намысы, ары бар, жемқорлыққа, паракорлыққа жоламайтын адамдар қатарынан жинау керек. Адам мың жерден білімді болса да, жемқорлыққа жақын болса әділдіктің жолында сойқан жасайды.

Екінші, вакансиядағы судьяның бюджеттен бөлінетін ақшасы бар. Оның бәрі қазір Жоғарғы Сотта. Бұл олардың сыйақысына және тағы басқасына жұмсалды. Мысалы мен қалалық сотта 5 жыл істедім, ондағы судьялар бірде-бір рет сыйақы алмады. 13-жалақы деген мүлде төленбейді. Ал Жоғарғы Соттың судьялары оны алады. Әділдік сарайында мұндай әділетсіз орын алмауы керек. Себебі, Алматы, Шымкент, Астана судьяларының қандай жүктемесін жұмыс істейтіні ешкімге құпия емес. Ал олар-

дың сыйақыдан сырт қалуы адамдыққа да, әділдікке де қайшы. Негізі осының бәрі мемлекеттік деңгейде шешілуі керек. Ниеттенсе небір тамаша заңдарды қабылдауға болады. Осындай мәселелер шешілгенде ғана судьялар тәуелсіз болады.

Статистика бойынша бізде сот отырысының хатшылары судья болып жатыр. Сот хатшыларының қызметі көбіне сотқа қатысушыларды тексеріп, уатсапқа қосудан тұрады. Көбі күнде араласып отырғаннан кейін заңдарды білмейді. Егер судьялыққа заңды практика жүзінде қолданып отырған тәжірибесі де, білімі де мол прокурор, тергеуші, адвокаттарды тартатын болса, мықты судья шығады деп ойлаймын. Ол өмірде де дәлелденіп отыр.

Шындықты айтқанды ешкім жақтырмайды. Айтсам өзім қызмет еткен сала жақсарса екен, сотқа қатысты сенім нығайса екен деймін. Мемлекет, қоғам деңгейіндегі ұсыныстарымның кейбірі іске асты. Мысалы, Тұңғыш Президенттің жолдауында айтылған және судьялар съезіндегі 7 тапсырманың бесеуін 5-6 жыл бұрын айттым. Оның бәрі газеттерде жарияланды, телевидениеде айтылды. Соның бірі 25 жастан судья болуға болатыны Конституцияда бекітілген болатын. Судьяға өмірлік тәжірибе керек дегенде маған бәрі қарсы шыққан. Мен шекті жас кемінде 30-35 жас болу керек дегенмін. Кейін Конституцияға өзгеріс енгізіліп, жас шегі 30 жасқа көтерілді. Сол сияқты кезінде кассация облыстық сотта болған. Екеуі бір шатырдың астында болмау керек деп жаздым. Кей-

Сайлау мен тағайындаудың айырмашылығы жер мен көктей. Тағайындалған адам тәуелді болады. Егер сайлайтын болса, олар ешкімнің алдында тәуелді болмайды. Депутаттық корпусындағы 100 адамға тәуелдімін деп айтпайды. Судьяға ешкім бұйрық, нұсқау бере алмайды. Содан кейін олар да қорықпайды. Қорқақ судья – әділеттің қас жауы. Қорқақ судья қанша білімді болса да, әділеттің жолынан тайқып кетеді.

ін заң қабылданып, оны Жоғарғы Сотқа әкелті.

– Дәл отставкаға шығар кезіңізде өзіңіз қатысқан апелляциялық алқаның ақтау үкіміне байланысты дау туындағаным білеміз. Сіздің осы процестегі бір сөзіңіз әлеуметтік желіде қатаң сыналғанын білеміз. Сынғандардың басын бөлігіңізді істің мән-жайына хабарсыз екені анық. Ал осындайда сот материалын зерттеп, ақ пен қараны сараптай отырып Жоғарғы Сот тарапынан судьяны араластыра, судьяның заңды іс-әрекетін ақтауға неге көңіл бөлінбейді?

– Аудандық сот бір азаматты 5 жылға соттаған. Апелляциялық сот алқасының құрамындағы 3 судья бұл істі қарап, бір ауыздан ақтау үкімін шығарды. Мен әзірге дейін ақтау үкімінің заңды, негізді екенін сенімдімін. Алайда ол Жоғарғы Сотта қайта қаралып,

сотталған адам кінәлі деп танылды. Ең бастысы Жоғарғы Соттағы отырысқа қатысқан Бас Прокурордың ресми өкілі біз шығарған үкіммен келісіп отыр. Егер біздің үкімімізде қандай да бір заңсыздық орын алса, ең алдымен қадағалаушы орган қарсы тұруы тиіс болатын. Ал прокурор іс материалдарымен танысып, үкімнің негізді екенін куаттаған. Осы істі терең зерделеген судья ретінде жас жігіт заңсыз сотталып отыр деп нық сеніммен айта аламын. Бұл жерде наразылық білдіруге Бас Прокурордың да құқығы бар және заңсыз сотталған тарап та шағым келтіруге құқылы. Олар жазып та жатқан шығар. Егер қарсылық жазылса, бұл іс Жоғарғы Соттың қадағалау алқасында қаралатын болады. Өзірге оны уақыт еншісіне қалдырайық. Абай атамыз айтқан екен: «Қорқақ адам пәсік келеді, ал пәсік адам кез келген лас іске бара береді». Демек, судья қорқақ, жалтақ болмауы керек. Жалпы, әлеуметтік желідегі пікірлердің ыңғайымен кету, қоғам не дер екен деп жалтақтау – жақсылықты белгісі емес. Бұл соттың беделін төмендетеді.

– Расында соңғы жылдары істің нәтижесі судьяның пайым-парасатына сай емес, әлеуметтік желідегі көпшіліктің қалауымен иешілетіндей көрінеді. Сіз қалай ойлайсыз?

– Америкада сот процестеріне журналистер қатысатын болса диктофонға, камераға жаздырмайды. Бізде бәрі ашық. Сот үкім шығармай тұрып

процесті бүкіл телевидение көрсетіп, газеттер мен сайттар жарыса жазып, радио хабарлап жатады. Бұл шындығында сотқа деген қысым ғой. Ол заңмен тыйым салынған нәрсе. Бізде оған қарамайды. Соның бірі Бишімбаевтың ісі. Осы істе мені қынжылтқаны соттағы тіл мәселесі. Жауапкер де, жәбірленуші де, судья да, прокурор да, адвокат та – қазақ. Бірақ сот орыс тілінде жүріп жатыр. Ал мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Неге мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік тілде сөйлемейді? Мемлекеттік тілде сөйлей алмаса, ол мемлекеттік қызметші емес қой. Бұл да бір қасіретті жағдай. Көзі ашық, заң танытын адамдар Бишімбаевтың қылмысына ұқсас істерді әлеуметтік желілерден салыстырып шықса болады. Мұндай қылмыс үшін ең жоғары жаза алғандар 15 жылға бас бостандығынан айырылады. Ал Бишімбаевтың жазасын қайтатын – әлеуметтік желінің, азаматтардың қысымы. Өкіншіше қарай, бізде қазір заңның күші емес, халықтың пікірі басшылыққа алынуады.

– Қазан айында Қазақстан Судьялар одағының кезекті съезі өткелі жатыр. Бұл шараға қонақ болып қатысасыз ба? Жалпы, съездер қазақстандық сотқа не берді?

– Осыған дейін қанша съезд болды. Соның біреуіне делегат болып қатыспаппын. Шақырған жоқ. Адвокат, прокурор, тергеуші, судья болып қызмет істедім. Тіл жайында, сот, заң, прокуратура, адвокатура, тергеу ісінің өзекті мәселелері бойынша талай мақала жаздым. Телевидение мен радиода да қордаланған мәселелерді қозғап, оны шешу жолдарын көрсеттім. Бірақ соны

неді. Сенім бар. Бізде сот әділ шешім шығарады» деді. Бізде де осы уақытқа дейін Жоғарғы Сотта мықты тұлғалар, ғалымдар, судьялар болды. Заң, сот саласының қорифейлері қызмет жасады. Қазір Жоғарғы Сотқа жастарды қалай алып жатқанын білмейсің. Біздің өзіміз танымаймыз көбін. Қандай еңбегімен бұл қызметке көтеріліп жатқанын да білмейміз. Олардың Жоғарғы Сотта қандай қателік жіберіп жатқаны шығарған шешімдерінде бадырайып тұр бәрі. Судья ретінде бәріміздің мәртебеміз бірдей ғой. Аудан, қала, облыс, Жоғарғы Сотта да мықты судьялар бар. Бәріміз бір терінің пұшпағын илеп жүрміз. Негізі Жоғарғы Сотқа таңдалған судьялар мынандай істерді қарады, мынандай еңбегі бар деп ашық айтылуы керек. Кейбірінің шығарған шешімдеріне қарның ашады. Бәрін елі біліп отыр. Бұрын Мақсұт Нәрікбаев, Қайрат Мәмідің кезінде жақсы заңдар болды. Судья мынау дұрыс емес, менің шешімім дұрыс деп шағым жасады, ол қаралатын. Оны кейін алып тастады. Сондықтан Жоғарғы Сотқа кем дегенде 55-60 жастан асқандар бару керек. Бұрынғы билер сияқты Жоғарғы Сотқа ақсақалдар отырса ғана оған ел сенеді. Өйткені ақсақал деген өмірлік тәжірибесі бар адам. Ал өмірлік тәжірибесі аз жастарға кім сенеді?

– Бұрын би деген атты әділ төрелік жасаған адамдарға халық өзі беруші еді. Қазір олар сайланбайды, жоғарыдан тағайындалады. Бұл жағдай сот еркіндігіне қаншалықты әсер етеді?

– Соттар сайлану керек. Мәселен, аудандық соттар аудандық мәслихатта, облыстық соттар облыстық мәслихатта не Мәжілісте, Жоғарғы Сот судьялары Сенатта сайланса деп мен де кезінде талай айттып, жаздым. Сайлау мен тағайындаудың айырмашылығы жер мен көктей. Тағайындалған адам тәуелді болады. Егер сайлайтын болса, олар ешкімнің алдында тәуелді болмайды. Депутаттық корпусындағы 100 адамға тәуелдімін деп айтпайды. Судьяға ешкім бұйрық, нұсқау бере алмайды. Содан кейін олар да қорықпайды. Қорқақ судья – әділеттің қас жауы. Қорқақ судья қанша білімді болса да, әділеттің жолынан тайқып кетеді. Сот төрағасының айтқанын істейді, өйткені оған барлық жағынан тәуелді. Қайтып ол әділ шешім шығарады?

– Алқабилер институты енгізілген кезде оны құптамайтынныңызды БАҚ-та ашық айтты, оны уәжді түрде негіздеп берген едіңіз. Көзқарасыңыз өзгерген жоқ па?

– Мен республика бойынша алқабилер сотымен қаралатын аса ауыр қылмыстарды қарайтын мамандандырылған аудандарлық әскери соттың 5 жыл төрағасы болдым. Сонда оның бізге еш қажеті жоқ екеніне көзім анық жетті. Соның АҚШ-та болған кезде американдық судьялардың біздің алқабилерді заңға кіргізігенімізді естігенде таңқалғанын көрдім. «Біз бұдан құтыла алмай отырмыз. Бізде Конституцияға өзгеріс пен толықтыру енгізу өте қиын процесс. Алқабилер сіздерге не үшін керек?» деді. Қазір көршілес Өзбекстан, Қырғызстан, Өзирбайжанда алқабилер институты жоқ. Олар оны заңнан алып тастады. Біз оны былықтырып отырмыз әлі.

Бізге аса ауыр қылмыстарды қарайтын жеке соттың қажеті қанша? Оны аудандық сотта да қарауға болады. Бізде оны қарайтын жерге алқабилерді жан-жақтан жинайды. Олардың іссапары, жатын орны, тамағы мен жалақысы да төленеді. Ал істі қарайтын алқабилерде ешқандай жауапкершілік жоқ. Жауапкершілік жоқ жерде, әділдік болмайды ешқашан. Мәселен, көкшетауда қаралған бір қылмыстық іс қазір бесінші рет қайта қаралып жатыр. Жоғарғы Сот бұзған, содан кейін алқабилер қайта қарап ақтаса, Жоғарғы Сот қайта бұзып, осылай бірі бұзып, екіншісі ақтап іс әлі жалғасуда.

Алқабилер институтының дамытуға қатысты алқа төрағаларының пікірін сұраған кезде өз ұсынысы-пікірімді Жоғарғы Сотқа келіп тіреледі. Жоғарғы Сот судьялары бір көргеннен жазбай танытын адамдар бізде неге аз? – Мен өзімнен әңгімелескен кезімде бірнеше рет АҚШ-ты мысалға келтірдім. Өйткені, онда судьялар денсаулығы сыр бергенше, немесе өзі саналы түрде бас тартқанша жұмыс істейді. Оларға ел де сенеді. Бұл мемлекетке жасаған бір сапарымызда 80-дегі бір судьяның сөзі маған қатты әсер етті. «Америка халқы Америка сотына се-

– Мен өзінмен әңгімелескен кезімде бірнеше рет АҚШ-ты мысалға келтірдім. Өйткені, онда судьялар денсаулығы сыр бергенше, немесе өзі саналы түрде бас тартқанша жұмыс істейді. Оларға ел де сенеді. Бұл мемлекетке жасаған бір сапарымызда 80-дегі бір судьяның сөзі маған қатты әсер етті. «Америка халқы Америка сотына се-

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

• ТАҒЫЛЫМ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Әйтпесе, біздің жұртымыздағыдай бала билердің ел тағдырына араласуы әлем тарихында жиі кездесетін құбылыс емес екендігіне көзіміз жеткен. Біз мектеп бағдарламасы арқылы ежелгі дамушы елдердегі, мысалы, грек-рим тарихынан Цицерон, Демосфен, Сократ сияқты ғұлама ғалым, шешендер туралы оқып өстік, кейін қызығып, олар

еңбектерде көптеп ұшырасатын бір тағылымды аңыз еске түседі. Оның қысқаша мазмұны былай өріледі:

...Ерте заманда бір қарапайым шаруа еліндегі атағы алысқа кеткен ғұламаға келіп: «баланы неше жастан тәрбиелеген дұрыс?» деп сұрапты. Ғұлама қарсы сұрақ қойып: «баланыз қаншаға келді?» дегенде, «небары бес айлық» – деп жауап қайырады. Сірә, тәрбиені бастауына әлі ерте екеніне нық

шеберлігіне ысылып жету – халық арасында заңдылықтай қалыптасқан, ол ешкімді аса тандандырмайды. Қазақтың жалпы тілге жүйріктігі, шешен халық екендігі осыдан қалыптасқан ұғым. Дегенмен өмірге енді қадам басқан баланың, қазақы ұғыммен айтсақ, бесіктен белі шықпай жатып шешендік танымалдықыға ие болуы сирек кездесетін дарындылық белгісі екеніне ешкім дау келтіре алмас. Қалың ормандай жұртының ішінен дараланып, озып шығып, «Бала би» атану екінің біріне бұйыра бермес бақ. Енді осы ерте көк-

өтуге болады. Шешендігімен тез танылған Досбол бидің тағылымдарын би-шешендер жинағынан көптеп ұшырастырамыз.

«Бала би» атағымен ерте дараланған би-шешендердің әрқайсысы туралы кеңінен толғауға болады. Ол әрине, бір мақаланың ауқымына сыймайды. Бірақ өзіміздің жауапты істерімізде осы бірегей тұлғалардан көз жазып қалмай, ұлағатын жайып отыруды бағыт етіп ұстанып отырамыз. Және бұл тараптағы ізденісіміздің басы да, аяғы да бұл болмас.

жеткілікті. Төле бидің ерте танылған алғырлығы, кемеңгер көсемдігі, оны мемлекеттік қайраткер, Ташкент уәлаятының билеушісі деңгейлеріне дейін жеткізгендігі белгілі.

Орта жүздің Қаз дауысты Қазыбе-гінің де билікке араласуы сол жамада болған. Оның қалмақ-қазақ арасында жүрген аса маңызды елшілік сапарда атқосшы болып барған оқиғасы туралы аңыздарда әйгілі бидің жасы бірде тоғыз-он, енді бірде он бір-он үш, (кейде он төрт жас деп те айтылады) аралығы көрсетіледі. Қалай десек те, нақты шындығы осы оқиғалардың Қазыбек бидің бала кезінде басынан өткендігі айқын. Қисынға жүгінер болсақ, соңғымыз дұрысырақ секілді, он екі-он үш, он төрт жастарына қарай, бала өзін ересек сезіне бастайды емес пе? Қалай дегенмен де, ел іші дауы емес, еларалық мұндай маңызды мәселелерге тым жас баланың тартылмасы анық.

Кіші жүздің Әйтеке биінің де шешендік атағы бала жасында шыққанына дәлелдеріміз жеткілікті. Әйтеке бидің сол бала, бозбала шағында ел дауына араласып, билік жүргізгендігі туралы кең тараған шешендік үлгілеріне келтіретін мысал аз емес. Осы Абылай хан айналасына топтасып, атақ-даңқы аспанға өрлеген, мемлекеттік қайраткер, алаштың ақылман абыз деңгейін көкжиектерге көз тіккендерінің нәтижесі көтеріліп, оқшау дараланған үш биіміздің соншалықты дәрежесі жетуінің өзі, олардың сол балаң шақтарынан ізденгендігінің, ау бастан алыс болып танылмасы па?!

Кішкене кездерінен танылған өзгеше сипат, ұлы бітім-болмыстары аталмыш үш бидің халқының кемеңгер тұлғаларына айналуына, қазақ халқының мемлекеттік құрылымына тірек-таяныш болған жасампаз «Жеті Жарғы» заңының дүниеге келуіне алып келгендігіне ұлағатты тарихи айғақ.

Данышпан Абайдың заманынан озып туған жаратылысы бала кезінен аңдалғандығы белгілі. Бұл туралы өрбітіп, сан түрлі бағытта тарата тоқталуға болады. Әкесі Құнанбайдың қолдауымен ол билік ісіне ерте араласқан, кейін есейе келе, әйгілі «Қарамола ережесін» жазғандығы белгілі. Және ұлы ақынның барлық саналы ғұмыры ұлт мұратын көтеру, халқының қасиетін асырып, ардақтау жолында өткендігі аян.

Жоғарыда дәлелдемек болғанымыздай, ұлт қасиетін тануға ниеттанып, оны халық ауыз әдебиетінің бай мұраларынан, фольклорымыздан тауып, сусындап отыруымыздың қажеттігі, сонымен бірге, ұрпақтарымызға өнегесін сіңіріп, сол бағытта тәрбиелеуді басшылыққа алудың маңыздылығын айтудан талмаймыз.

Ертегісіз өскен бала – рухани мүгедек адам

Б.Момышұлының қаһармандық ерлік жолдары оның халық мұраларын кішкене кезінен қасиет тұтып өскендігінен. Бұған көптеген мемуарлық шығармалары, естеліктері, ұлағатты ойлары дәлел. Оның әйгілі «Ұшқан ұя» мемуарлық кітабы тұнып тұрған ұлағат. Автор өзінің батырлар жырыларын, қисса-дастандарды қалай сүйіп, жаттап өскендігі туралы тебірене жазды. Кітаптың бір тұсында: «Ертегісіз өскен бала – рухани мүгедек адам. Біздің қазіргі балаларға әжелері, не шешелері ертегі айтып бермейді. Содан қорқам. Менің қазіргі келіндерім немереме бесік жырын айта білмейді. Бесікте жатқанда, құлағына анасының әлди әні сінбеген баланың көкірегі кейін керек боп қалмаса деп қорқамын», – деп толғанатыны бар. Міне, ел біріле сүйген патриотизм, жұрты үшін жанын қияр батырлықтың бастау алар булақ көзі қайда жатыр?! Атақты батыр, қолбасшымыз өзінің барлық саналы ғұмырында осы халықтық педагогикаға арқа сүйіп, еліне, жас ұрпаққа тура жол нұсқап өткен еді.

Қазақта осындай атағы жер жарған тұлғаларымыздың қай-қайсысы болмасын, ұлттық құндылықтарымыздан нәр алып, тамырланып өскендігін аңғарамыз. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келсек, ұлтымыздың ұлағаты – бала тәлім-тәрбиесінде халықтық өреге мән беретіндігінде, тамыры терең тағылымдық тарихын да кастерлей отырып, өнеге тұтатынында. Осы ежелден келе жатқан сабақтастық туралы келешек жастарымыздың құлағына құя беруден шаршамау – парызымыз.

Досжан ӘМІР.
ҚР Жоғарғы Сотының судьясы

БАЛА БИДЕН ДАРА БИЛІКKE ЖЕТКЕН ДАНАЛАР ҰЛАҒАТЫ

туралы іздеп жүріп оқыдық. Менің пайымдауымша, сонда, олардың шешендігі бала жасынан байқалғандығы туралы айтылмайды. Олар ондай атаққа тек сақайған шағында, көп оқып-іздену арқылы жетеді. Әлемдік тарихтан, жұртымыздың өткен дәуіріндегідей «Бала би» атанған, даналыққа ерте қол жеткізген айтулы тұлғалар туралы оқымаппыз, жаңылыс айтсақ, өз сөзіміз өзіміздікі. Тіпті, әлемдік тарихта «бала би» деген атау жоқ, ондай ұғым қалыптаспаған, жоғарыдағы аталған осынау әлемдік данышпандардың бала кезінен билікке араласқандығы туралы дерек кездестірмедік. Салыстыра айтсақ, қазақ жұртында ғана, сирек қасиетке ие, аты мәшһүр би-шешендер, дәла даналарының даралығы ерте танылып, сонымен жұртын таңқалдырып, таңдай қақтырған ғой. Осы айқындалған ақиқатты айтып отырудан неге тайсақтап, бас тартамыз, осы терең тамырлы елдіктің нышанын табан тіреп, неге сеніммен, дүние жүзіне кеңінен насихаттап, жарияламысқа?!

Заңғар Зиманов

Бұл өз ішімізде айтылады да, оның өзі күмәнділеу болып шығып, ақыр аяғы дау-дамайға айналып жататыны шындық. Тайғанак, тұжырым-дәлелсіз, солғын айтылған соң, мұндай байыптамаларымыз жікшілдік, рушылдыққа апарып соқтыратын секілді. Солайша өз қасиетімізді өзіміз көлегейлеп, өз қолымызбен тұншықтырып жатамыз, сосын өзге жұрт қайдан мойындасын! Сөздің ашығы керек, ұлт қадір-қасиетін танып-бағалауымыз кемшін түсіп жатыр. Біз әлі де болса барымызды бағаламай жүрген жұрт қатарындамыз.

Осы тұрғыдан келгенде, Салық Зиманов сияқты дараланған саңлақ заңтанушыларымыздың өнегесіне жиірек жүгініп отырамыз абзал. Өйткені, ата-баба ұлағатына соншалық мән-мазмұн беріп, мемлекеттік заңымызды тікелей елдік салтпен орайластыру, түсіне білсек, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында ерлік қадаммен бірдей болатын. Тіпті, елдік конституциялық атауына дейін ұлықтап, ата-баба ізін қадір-қасиет тұтып, сол жолға түсуіміз ел мұраты екендігін айшықтап, «Ата Заң» деп атап кеткен ұлылығын қалай айтсақ та, қалай мәртебесін асырсақ та жарасар! Және осы даңғыл жолымызды әспеттеп, тұғырын биіктетіп, сол Ата Заңымызға айқайлатып атау беріп, он томдық «Қазақтың Ата Заңдары» сияқты терең толғамды энциклопедиялық ауқымды зерттеуін жариялап, үлгеріп кетуі – ұлылықтың-ұлылығы. Бұл С.Зимановтың ұзақ жасығы еңбегінің түйін-қорытындысы секілді, бай тәжірибелік белестерінің шырақу шыңы болатын. Ұлы заңгер сол үстем империялық саясат ұстанған қоғамға қызмет ете жүріп, теріс идеологиялық бағытқа біржола шырмалып, маталып қалмай, өмір бойы қасиетті ата-баба мұратына адал болғанын дәлелдеумен өтті. Ұлтын шексіз сүюшілік деп осыны айтармыз. Міне, ұлт мүддесіне қызмет ету дегеніміздің жарқын мысалы осы!

Ал одан да терең жүгінетін, негізгі дәлел-қисынымыз – ұлтымыздың фольклорлық асыл қазыналы мұраларында жатыр, тек көре білетін көз, саналы зерде керек. Біздің ежелден елдігі қалыптасқан арғы-бергі жұртымызда халықтық педагогиканың аса күшті дамығанын көнеден келе жатқан мақал-мәтел, даналық ұлағаттарымыз айғақтай алады. «Тәрбие – тал бесіктен» дегенді мұрат тұтқан елдің өнегесінің терендігіне кім күмән келтірер? Осы орайда, қазіргі әлемдік тәрбиелік бағытта жиі айтылып жүрген, тәлімдік

сенімді болса керек. Сонда ғұлама басын шайқап: «ендеше, бес айға кешіккен екенсіз» деген екен. Осы секілді дүние жүзіне кең тараған тағылымды аңыз әңгіменің берер өнегесін біздің ата-бабаларымыз, сол көне дәуірлердің өзінде, өмірлік мұрат-мүдделеріне айналдыра біліп, екі-ақ ауыз сөзбен түйіндеп отырған. Әлемдік өркениетте кең тараған тағылымдық, тәрбиелік бағыттағы туындылардың кез келгеніне байыптай үңілсеңіз де, бұл туралы көне дәуірлік даналарымыз әлдеқашан ескі замандарда айтып, тасқа басып қалдырған болып шығады. Сөйткен ата-бабамыздың үлгі-өнегеге толы, адамзаттық мұратқа сай тірлігіне, қадір-қасиетіне, елдік ұстанымына көз жұмып, құлдыратып, жабайы, қараңғылыққа балаған империялық идеологиядан не үміт, не қайыр?!

«Болам деген баланың бетінен қақпа, белін бу»

Қазақтың ұлттық құндылықтары, даналық танымдары әлемдік өркениет көшінен қалыс қалмай, қатарласа жарысып, өрістеп отырғандығына көптеген мысал келтіруге болар еді. Отаршылдық дәуірінде, ұланғайыр өлкеміздегі материалдық байлығымыз, жердің асты-үсті толған дәулетіміз талан-таражға салынғанымен, ұлттың рухани қазынасы біздің ел ретінде қасиетімізді жоймауымызға зор септігін тигізді. Ал халқымыздың әлгідей даналық нақылдары бала тәрбиесінің ерте қолға алынатынын аңартпай ма? Жас аналар бауырындағы сәбилерін бесік жырымен тәрбиелеп, ана тілін, ата ұлағатын құлағына құйып өсіруі де осы сөзімізге жарқын мысал. Енді сөзіміздің нақты айғағы ретінде, «Бала би» тақырыбына дендеп көрейік.

Қазақта «болар баланың» негізі қайда жататынын меңзеген мақал-мәтелдер, нақылға айналған сөз тіркесі өте көп. Ғажабы сол, қазақта атағы бала жасынан шыққан, ел ішінде «Бала би» атанған саусақпен санарлықтай бір-екеу емес, көптеген би-шешендер болған екен. Және көзіміз жететіні, олар ағайын-руластары ішінде ғана емес, сол бала шағынан сұңғыла шешендігімен даңқы алысқа кеткен, еліміздің әр қиырынан бір көруге құмар болып, ел іздеп келетін тұлғаға айналған. Әрине, өмірінен сабақ ала отырып, тәжірибе жинақтап, алдыңғы буыннан үйрене отырып, шешендік

теген, дүние есігін ашқаннан сөз киесі дарыған, тұмысынан жетесіне саңылау құйылып жаратылған, халық сүйіспеншілігіне бөленіп «Бала би» деген атақ алған шешендеріміздің ең танымалдарына тоқталғымыз келеді.

Бала би

«Бала би» атанған би-шешендер ішінде Сырым Датұлының орны бөлек. Өйткені, Сырым Датұлының атағы тек би-шешендігімен ғана шыққан жоқ, есейе келгендегі отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық көтерілісіне бас болуымен де танымал. Осы тұрғыдан келгенде, ол көрнекті қоғам қайраткері, әскери қолбасшы ретінде де халқына қадірменді тұлға айналды. Яғни, Сырым Датұлын халық ішінен дараланып шыққан озық ойлы, өткір тілді тапқыр шешендігі, оны келе-келе, елінің тағдырына бейтарап қарай алмайтын, жұртына бас боларлық үлкен қайраткер тұлға деңгейіне дейін шарықтатып өсіріп, биік тұғырға шығарды. Ал оның «Бала би» атануына Кіші жүз рулары арасына өте ерте танылып, жас шыбықтай жеткіншек кезінен билікке араласуы себепкер болған.

«Бала би» атағы ерте шыққан би-шешендер ішінде Сырым Датұлы секілді даңқы бірегей, Орта жүз Арғын ішіндегі Сүйіндік Қаржас руынан шыққан Шорман Күшікұлының (туып-өскен өңірі – қазіргі Павлодар облысы, Баянаулы ауданы, 1799-1837 ж. аралығында өмір сүрген) халық арасындағы орны ерекше. Бала жасынан би атанған Шорман Күшікұлының да даңқының өрлеп, өз аймағында патша заманында Абайдың әкесі Құнанбай секілді аға сұлтан дәрежесіне жетуі, халқының қалауымен «төбе би» деңгейіне көтерілуі дәлел. Шорман би елге тоlmай өмірден өткенде, өз ұрпағының елінің жоғын жоқтап, құрметке бөленеріне сенген. Соллай болып, үлкен ұлы өзі сияқты ел билеп, орнын басқан, би-қайраткер ретіндегі атағы шыққан. Ал қызы Зейнептен (Шыңғыс Уәлихановтың бәйбішесі) дана Шоқанды туған. Шоқанның да ойынның ұшқырлығы, кемеңгерлігі ерте байқалғаны белгілі. Жалпы Шормановтар династиясының қадір-қасиеті қазақ арасына ертеден, кеңінен мәлім болған.

«Бала би» атағымен ерте танымал болған шешендерден мойны озып, дараланып шыққан Досбол би Қарлыбайұлын да (бұрынғы Қарағанды облысы, Ұлытау өңірінде 1800-1890 ж. аралығында өмір сүрген) айрықша атап



Қазақта осындай атағы жер жарған тұлғаларымыздың қай-қайсысы болмасын, ұлттық құндылықтарымыздан нәр алып, тамырланып өскендігін аңғарамыз. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келсек, ұлтымыздың ұлағаты – бала тәлім-тәрбиесінде халықтық өреге мән беретіндігінде, тамыры терең тағылымдық тарихын да қастерлей отырып, өнеге тұтатынында. Осы ежелден келе жатқан сабақтастық туралы келешек жастарымыздың құлағына құя беруден шаршамау – парызымыз.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ТҰРУ МҮМКІН БЕ?

Бүгінгі таңдағы күрделі мәселенің бірі – сыбайлас жемқорлықпен күрес болып отыр. Біздің мемлекетіміз, басқа да көптеген мемлекеттер сияқты сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оны болдырмау мақсатында қарқынды жұмыс жүргізуде. Қазақстан – сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама қабылдаған және осы мәселе бойынша халықаралық конвенцияға мүше болған ТМД-дағы алғашқы елдің бірі. Елімізде осы мәселеге қатысты арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан жұмыстар да баршылық, бірақ мәселе әлі толық шешілген тапқан жоқ.

Сыбайлас жемқорлық – үлкен әлеуметтік қасірет. Бұл дертпен күресті сыбайлас жемқорлыққа қарсы қоғамның санасын қалыптастырудан бастауымыз керек. Жас буынға жемқорлықтың теріс салдары туралы ақпаратты дұрыс жеткізу, олардың кеселге қарсы мәдениетінің қалыптасуына, өз құқығы мен міндетін терең ұғынуына және орындауына көмектеседі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптасқан жағдайда, адам адамгершілікке жат қылықтардан бойын аулақ ұстай бастайды, заңға қайшы келетін әрекеттерді жа-

сауға жол бермейді. Мемлекеттегі заңнамаларды жақсы білу әр адамның өз іс-әрекетіне деген сенімділігін күшейтеді.

Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлықпен прәменді күресу үшін, халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру маңызды. Халық өз құқығын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалғанда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолын білуі қажет. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылады.

Тәңірберген КАФЕЗОВ,
Батыс Қазақстан облысы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты әкімшісінің аға сот приставы

Конституцияның 7-бабында Қазақстандағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі деп көрсетілген. Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады.

АУДАРМАШЫ ҚЫЗМЕТІ ТЕГІН

Қылмыстық-процестік кодекстің 30-бабында көрсетілгендей, қылмыстық сот ісі қазақ тілінде жүргізіледі, сот ісін жүргізуде қазак тілімен қатар ресми түрде орыс тілі, ал қажет болған кезде басқа тілдер де қолданылады. Қылмыстық процесті жүргізетін орган істі орыс тілінде немесе басқа тілдерде жүргізу қажет болған кезде сот ісін жүргізу тілін өзгерту туралы уәжді қаулы шығарады. Іс жүргізілетін тілді білмейтін немесе жеткілікті түр-

де білмейтін іске қатысатын адамдарға ана тілінде немесе өздері білетін басқа тілде мәлімдемә жасау, түсініктеме және айғақ беру, өтінішхаттар мәлімдеу, шағым келтіру, іс материалдарымен танысу, сотта сөз сөйлеу, белгіленген тәртіппен аудармашының қызметін тегін пайдалану құқығы түсіндіріледі және қамтамасыз етіледі.

Қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысатын адамдарға істің олар үшін қажетті, басқа тілде жазылған материалдарын

қылмыстық сот ісін жүргізу тіліне аудару тегін қамтамасыз етіледі. Сот процесіне қатысатын адамдарға сотта айтылғандардың басқа тілде болған бөлігінің сот ісін жүргізу тіліне аудармасы өтеусіз қамтылады.

Қылмыстық процесті жүргізетін органдар процеске қатысушыларға сот ісін жүргізу тілінде табыс етілуге тиіс құжаттарды табыс етеді. Бұл ретте қылмыстық сот ісін жүргізу тілін білмейтін адамдар үшін құжаттардың сот ісін жүргізудің осы адамдар таңдаған тілінде жазылған, куәландырылған көшірмесі қоса беріледі.

«Тілден артық қазына жоқ, тілден артық қасиет жоқ» дейді бабаларымыз. Зайырлы, құқықтық мемлекеттің әрбір мемлекеттік қызметкері мемлекеттік тілді қадірлеп, мәртебесін көтеруге өз үлесін қосыуы қажет.

Бибігүл ДЕМЕНОВА,
Ақтау қаласы мамандандырылған тергеу соты әкімшісінің басшысы

ТАРАТУ

7. «MORPHEUS студия сна» ЖШС (БСН 120740004775) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: 050059, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 1Б үйі, н.п. 234, тел. 87017399667.

8. Алматы қаласындағы компания өкілдігі «ALATAU CO.PTE. LTD» (БСН 240442010506) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Өуезов ауданы, Ақсай ықшам ауданы, 11-үйі, 40-пәтер, тел. 87771113564.

9. «Жақсы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Жақсы ауданының халықты жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (БСН 110740003359) таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Ақмола облысы, Жақсы ауданы, Жақсы ауылы, Ленина көш.,10. Тел. 87163522477.

12. Ақмола облысы білім басқармасының Зеренді ауданы бойынша білім бөлімі Қазақстан ауылының бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі таратылғаны туралы хабарлайды (БСН 021240004253). Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, 021200, Ақмола облысы, Зеренді ауданы, Зеренді селосы, Ленин көшесі, 43.

16. «NazymBN» ЖШС (БСН 231040015007) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы облысы, Талғар ауданы, Талғар ауылы, Кенесары хан көшесі, 13-үйі, тел. +7 (700) 132-98-40.

18. «Алатау-КЗ» Кредиттік серіктестігі» ЖШС (БСН 150940011027) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Төретам кенті, Құлқашев көшесі, 79-үйі, тел. 87770568484.

21. «Қазығұрт» селолық тұтыну кооперативі (БСН 070940001677) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: ОҚО, Шымкент қаласы, Қазығұрт мөлтек ауданы, Ордабасы көшесі, 41-үйі.

22. «Ай-Шың» Ауылшаруашылық өндірістік кооперативі» (БСН 170740017131) өзінің таратылатыны хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Абай облысы, Мақаншы ауданы, Қабанбай а/о, Қабанбай ауылы, Омар Мұхамедиев көшесі, 26-үйі.

23. «Махсұт-К» АӨК-і (БСН 240840021763) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шеген Қодманов ауылы, Ыбырай Алтынсарин көшесі, 27-үйі.

24. «MBN EXPRESS» ЖШС (БСН 230240017563) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Ақкент шағын ауданы, 28-үйі, 10-пәтер, тел. 87021466475.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ – Алматы қаласы, Ақтолық көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83,
8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г. Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAİROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaidybaeva@gmail.ru. Барлық хабарландыруларды What’s app бойынша қабылдаймыз.

ӘРТУІРЛІ

10. «Кредит Сервис Ломбард» ЖШС өтелмеген мүлкікті сату бойынша аукциондар өткізеді
Өтетін орны: Астана қаласы, А.Кравцов көшесі, 6.
Өткізілетін күні: 10.10.2024–20.10.2024 г.
Анықтамаға арналған телефон: +77753712969.
Лиц. 01.21.0009JL.

11. АИТВ инфекциясы мен қоғам
Өткен ғасырдың екінші жартысында «ЖИТС – 20 ғасырдың обасы» деген атпен белгілі болған АИТВ-инфекциясын жұқтырған науқастар қазіргі уақытта ем алып біздің қоғамда емнен қатір емес студе, жаңыларын асырауда, толыққанды өмір кешуде. Бұл жағдайға медицина ғылымының жетістіктері мен үкіметтің бұл мәселеге көңіл бөліп, қажетті дәрі-дәрмекті сапалы алу үшін мол қаражат бөліп, оның әр науқасқа уақытылы жетуіне жағдай жасалуы негіз болуда. Біздің елде бүгінгі таңда емдеу әдісі өзгерді – қазір иммун тапшылығы өлім үкімі болып саналмайды. Алғашқыда бұл инфекция негізінен мартиналды қауымдастықтар мен жаныстық азшылық арасында таралды, алайда қазіргі уақытта шекті шеңберден әлдеқашан шықты, яғни біздің қоғамдағы АИТВ дертімен өмір сүретін адамның әлеуметтік портретін жасайтын болсақ, олардың арасынан әр саладағы білімді, кәсіби маман, қаржылық жағдайы жақсы азаматтар да табылады. Қазір вирусты анықталмайтын деңгейге дейін түсіретін антиретровирустық терапия бар, бұл вирус тасымалдаушысына да, оның жаныстық серіктесіне де қауіп төндірмейді. Емдеу адамға толыққанды өмір сүруге мүмкіндік береді. Бірақ өкінішке орай, бұл ақпаратты көп адам біле бермейді.

АИТВ дерті қан арқылы, жыныстық қатынас арқылы және перинаталдық, вирус жұқтырған анандан балаға, жүктілік кезінде, босану кезінде, емшек сүтімен тамақтандыру арқылы ғана жұғатынын көпшілік біле бермейді. Статистика көрсеткендей, біздің елде соңғы нұсқа сирек кездеседі. Ал инфекцияның жаныстық жолмен жұғуы 78%-ды құрайды. Сондықтан біздің қоғамның әр мүшесі өміс келе жатқан ұрпаққа салауатты өмір салтын дәріптеуге ат салысуы қажет!

Науқасқа диагноз қою үшін медициналық көмек қана емес, психологиялық көмек те қажет, бұл диагноз анықталғаннан кейін науқас күйзеліске, депрессияға түсуі мүмкін. Әсіресе осы жағдайды өмірдегі жақын адамдарының қабылдауы, түсіністігі, қолдауы өте қажет. Біздің орталықтың мамандары психологпен бірлесіп отырып, өмірдің осы кезеңінен өтуге, диагнозға бейімделуге, емді қабылдауға және қоғаммен әлеуметтенуге көмектеседі.
Өзін қабылдаған адамды қоғам да қабылдайды.
Өрбір адам біздің қоғамның негізі болса, әрбір адамның денсаулығы адам өміріндегі ең құнды байлық. Осы байлығымызды сақтай білейік!

ШЖҚ «ЖИТС-ның алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі Алматы облыстық орталығы» ҚМК эпидемиологиялық қадағалау бөлімінің меңгерушісі Д. ИБРАИМОВ

20. Осы арқылы «Eurasia Building LTD» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жалғыз қатысушысының (БСН 060540000494) 2024 жылдың 23 қыркүйегінен бастап «Астана-Бизнес» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қосылу жолымен қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылдағанын хабарлаймыз (БСН 000840001274). «Eurasia Building LTD» ЖШС барлық кредиторлары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде өз талаптарын Шығыс Қазақстан облысы, Глубокое ауданы, Солнечный кенті, Мир көшесі, 1А ғимараты мекенжайы бойынша жазбаша нысанда көрсетуге құқылы. Талаптарды беру мерзімі аяқталғаннан кейін қайта ұйымдастыру аяқталды деп есептеледі және «Астана-Бизнес» ЖШС «Eurasia Building LTD» ЖШС барлық құқықтары мен міндеттемелерінің құқықтық мирасқоры болады. Байланыс апараты мен мекенжайы: ШҚО, Глубокое ауданы, Солнечный кенті, Мир көшесі, 1А ғимарат, телефон: +7 777 535 0989, +7 701 513 2247, электрондық пошта: astanabusiness@mail.ru

13. «Ақмола облысы білім басқармасының Зеренді ауданы бойынша білім бөлімінің Бөйтерек ауылының жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі БСН 970140000579 Ақмола облысы әкімдігінің 13.08.2024 жылғы № А-8/369 қаулысы негізінде «Ақмола облысы білім басқармасының Зеренді ауданы бойынша білім бөлімінің Бөйтерек ауылының негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып қайта құрылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 021200, Ақмола облысы, Зеренді ауданы, Зеренді селосы, Ленин көшесі, 43.

17. «SwF» Микроқаржы ұйымы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 240240008398, өзінің орналасқан жерінің келесі мекенжайға өзгергені туралы хабарлайды: ҚР, 050059, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Қажы Мұқан көшесі, 28-үйі. Телефон: 8 707 630 74 16.

МҰРАҒЕРЛІК

2. 17.04.2024 жылы Аманов Максұт Жеткергеновичтің қайтыс болуына байланысты барлық мұрагерлерін нотариус М.С. Жанакулованың кеңесіне мұраға құқық туралы куәлік алуға келуіңізді сұраймын. Мекенжайы: Қызылорда қаласы, Төле би көшесі, 139-үйі, 82-пәтер. Тел. 87059612201.

3. 2024 жылдың 11 сәуірінде қайтыс болған Елеуов Мелс Жархеткеновичке қатысты мұрагерлік іс ашылуына байланысты мұрагерлеріне және мүдделі тұлғаларға, Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Сейфуллин көшесі н/ж, «Шаңырақ» сауда орталығында орналасқан жеке нотариус А.Есимжановқа хабарласуыңыз қажет. Ұялы тел. 87014743502.

4. 02.06.2024 жылы Абыхаров Қанат Армияұлының қайтыс болуына байланысты барлық мұрагерлерінің нотариус Жапсарбаева Меергуль Жолдыканованың кеңесіне мұраға құқық туралы куәлік алуға келуін сұрайды. Мекенжайы: Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Есік қаласы, 2 шағын ауданы, 20-үйі, 3-пәтер.

5. 2020 жылы 26 наурызда қайтыс болған Рахия Уйсимбаеваның артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер, нотариус Ф.А. Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5 ғимарат. Тел. 87022334499.

6. 2024 жылы 28 наурызда қайтыс болған Баекеева Пернеш Назарқұлқызының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер, нотариус Ф.А. Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5 ғимарат. Тел. 87022334499.

Судьялар қауымдастығы атынан Мұхамеджан Пакирдиновтің қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына ауыр қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз.
Мұхамеджан Ахмедияұлы отандық сот саласының дамуына мол үлесін қосқан білікті заңгер, беделді басшы болатын. Әр жылдары Алматы қалалық сотында, Жоғарғы Сотта судья, Қарағанды, Шығыс Қазақстан облыстық соттарының, Алматы гарнизоны әскери сотының төрағасы болып қызмет атқарған еді. Ардақты азамат Мұхамеджан Пакирдиновтің жарқын бейнесі әріптестері жадында сақталады, есімі ұмытылмайды.
Мұхамеджан Ахмедияұлының отбасы мен туған-туыстарына амандық-саулық, ұзақ өмір тілейміз.
Марқұмның жаны жаннатта, иманы саламат болсын.

Қазақстан Республикасы Судьялар одағының төрағасы Сәкен АБДӨЛЛА

Қазақстан Республикасы Әскери сотының төрағасы, Судьялар одағының филиалы және Әскери соты департаментінің ұжымы отставкадағы судья

Мұхамеджан Ахмедияұлы Пакирдиновтің

қайтыс болуына байланысты отбасы мен жақындарының ауыр қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Алматы қалалық соты, Алматы қаласы бойынша Судьялар одағының филиалы, Алматы қалалық сотында, Жоғарғы Сотта судья, Қарағанды, Шығыс Қазақстан облыстық соттарының, Алматы гарнизоны әскери сотының төрағасы болып қызмет атқарған, отандық сот саласының дамуына зор үлес қосқан білікті заңгер, беделді басшы болған

Мұхамеджан Ахмедияұлы Пакирдиновтің

қайтыс болуына байланысты туған-туысқандарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің заң факультетінің мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасының ұжымы Ибраева Алуа Саламатқызына

АНАСЫНЫҢ

өмірден озуына байланысты туған-туыстарына көңіл айтады.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривонозова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов қ. бұрышы) РВК банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «Trade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жанбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Өуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисыңұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы). Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SARA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үйі,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отар» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Өйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибиева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ЖКО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі,28-үйі,1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

• БАЙҚАУҒА!

Зорлық шын мәнінде ішкі әлсіздік сезіміңің белгісі.

М.Ганди

Айналаны көгілдір түске көмкеріп, сібірлеп атқан таңмен ерте оянд. Аядай шағын қалашықты айнала жеңіл жүгіріп шығуға ниеті ауған. Тау етегінде есейген жігіт өр-кияды жаяу шарлап, көкерімі күндерде ерте ширап, әбден шыныққан. Бірақ биылғы жаз салқын басталды...

Айналасы ат шаштырым қалашықтың бар-жоғы екі мың тұрғыны бар. Көбі вахталық-ауысыммен жұмыс істейтін кеншілер болған соң, келімі-кетімі адам қарасы біршама. Тұнықсу деген аты ғана. Бұл жерге келгелі тынық әрі тұнық болып жатқанын көрмеді. Шағын ғана елді мекен болғанымен, ара-тұра кісі өлтіру, ұрып кету тәрізді оқиғалар ұшырасып тұратын. Кеншілер қалашығында бұрқ ете түсетін жаппай төбелес соғыс бар жабылып, көз шығып, ауыр жарақатпен төмамдалатын. Қалашық тұрғындарының аласыз жүріп тұратын кезі тым сиреп бара жатқандай еді. Орталықтан қосымша жасақ шақыртылып, бұзақылық басылғанымен, қалашық анда-санда дағдылы әдетімен ескі «өніне» салатыны бар.

Есін біліп, етек жинаса да, полицияға барам деген ой санасына ертерек орнықтаған Бақыт спорт десе жанып түсетін. Аяғына жел байлаған жүйрік болды. Үміті спорт шеберлігіне тапсырып, үлкен спортта бақ сынамаққа ауғанымен, ниеті тәтті қиял құшағында ғана қалды. Міне, енді мұнда келгелі аядай бір бөлмелі үйге сыймай кіріп шығып жүр. Үйленем деп ауылдағы ата-анасының құлағын құр сарсылтқаны болмаса, уәдесінде тұра алмады. Оқуын төмамдап, жолдама бойынша полицияға орналасып, Тұнықсудан бір-ақ шықты. Соңғы кезде қызмет қиындығы мен басын шырмал алған сансыз сұрақ алдын орай берді. Түпсіз ойлар мен артық жүктемемен тынығуды ансап, еңбек демалысына өтініш білдіріп көрген. Басшылар жұмыстың тым қауыртығын, бөлім қызметкерлерінің азыдығын алға тарта берді.

Күнделікті іздеудегі қылмыскерлер дерегі мен жеке картотекасы сараптау, қылмыстық биографиясын індетте зерттеу, іздеу бойынша шұғыл тапсырмамен әуре болып, уақыт сырғанап өте берді. Күні кеше қалашықтағы екі «гастарбайтердің» төтеннен болған өлімі «оперативті» топ қызметін екі аяқтан тік тұрғызғанымен, маз боларлық еш нәтиже жоқ. Қос бірдей өлім! Көп ұзамай сарапшылар өлген ескеуді тағамнан ұланған деп, екі иінінен демалып тұрған қала жұртына сәл басу білдірген. Ескі вагонда қонып жүрген жалдамалы екі келімсектің өлімі боржып кеткен көжеден болған деген сот-медициналық қорытындысын тиісті мекеме алдына ысыра салған. Сонымен бітті.

Мекірейген мазасыз қала тағы қандай «сый» ұсынар деген оймен өзіне бекітілген аумақты шарлап, аудан «ұйқы құшағында» жатқанына көңілі орнығып, үйіне оралған. Аядай қалашықтың сонау кеңес заманынан аты алыстарға жаңғырып жататын. Әлдеқандай қызжалат бір шаруамен келем деушінің жүрегінің «түгі» болғанын өзінде, осы жерге аса сақтықпен жететін.

Тансәріден күнделікті дағдымен жатығу жасап, бой қыздырған соң бөлімге асығыс жетті. Жұмыс кабинетіне аттап баспастан, басқарма басшысы өзіне шақыртып алды.

«Өнеуекүнгі дау-амайдан соң «вахтовиктер» өзара ерегескен сияқты. Олардың арасында бұрын істі болғандар жоқ дей алмас едім. Тағы бірін-бірі қанқаса-пқа салмай тұрғанда, алдын ала барлап қайт! Бригадирлер не дейді екен? Барынша мәлімет ал! Бұрынғы «мылқау» кісі өлімінен де бір «хабар» болып қалар. – Құп болады!

Көкездіктен қашатын Бақытты тек тапсырылған іске мұқият екенін білетін бастығы көзінеқ үстінен барлай қарап шығарып салды.

Ашық қарьер мен жерасты шахтасына қарай жауап ілібіп жеткен соң бірден кеңсе үйіне бет алған. Бұл кеңсеге жеткенде сол мезет кеншілер жиынының үстінен түсті. Толық денелі, ақ сазандай

көрікті хатшы әйел сақшы куәлігіне барлай қарап, үнсіз бас ізеген. Жиын басындағылар кеншілер арасындағы жұмыс жайын, аздаған басбұзарлық әрекеттерге тоқталып, талқылап жатты. Сырттай бақылаған Бақытқа ешкім мән беріп, көзге де ілмеді. Жиын тарасымен вахталы ауысым бригадирін аз-кем сұхбатқа тартып көрген.

– Бізде «он бес тәулікке» қамалмаса да, жұмыс талабы солай бауырым! Оң-шең тентектер бас қосқан орта. Жұмыс істей білгенімен, демала алмайтын шетінен «құбыжықтар»!.. – деп барылдай күлген бастық Бақытқа аса ұнамады. – Маған мәлімет берсеңіз де жетеді.

табылған «жансыз қуыршақ» ненің белгісі?! Осы ой аңдыздап қайта-қайта алдыға шыға берген.

– «Үгро»*- дан біреу бар ма? – деп сарапшыға жақын барған Бақытқа кішкентай қуыршақты көрсеткен. Қыз баланың көзін ашып-жұмып, баяу ғана «мама» деген дыбыс шығаратын кішкентай қуыршағы.

«Ал алты жасар бүлдіршінің мәйігі жатқан жерден алты қадам жерден табылған қуыршақта не сыр бар? Жансыз қуыршаққа гайыптан «тіл» бітсе, біраз жәйттің сыры ашылар еді-ау».

Өз ойынан селк ете түсті. Әр жерден табылған ұсақ «детальдарға» шұқшылып, «сыр» ізден жүрген сарапшыға қандай да бір белгі болса, хабардар етуін өтініп, үнсіз кері қайтты.

Енді жетпегені осы еді! Педофиль де

қара көзділдікті ағай. Дүкен сағушылары ол күні ешбір ер адамға ойыншық, қуыршақ саптағанын айтып, азар-бездер болған. «Мүмкін басқа пәле тілден деп тайсақтаған да болар».

Басының басы әбден қатты. Негізгі бағыт – қыз өлімін ашуға жұмылдырылған жеке құрамның іздеуіне шараларын дұрыс бағытқа бұру еді. Іздеу қызметі күн-түн демей аяқтарынан тік тұрды. Қалашық пен жақын елді мекендер түгел дерлік шарланды. Бақыттың бар ойы – қылмыскердің ізін суытып алмау. Ол осы жағына қатты алаңдады. Қарамағындағы тісқаққан із кесушілерге жеке-жеке тапсырма жүктеп, үйіне қайтуға қамданған.

Түн қараңғылығын жамылды, оқиға болған маңайға жолай соғуды жөн

кылдай бөліп бақылауды тапсырып, өзі ең тұрғыны аз «Глобус» саяжайына аяқ тіреген. Қас-қарая саяжай үйлерін сырттай бақылап ұзақ жүрді. Анда-санда иттің әуілдей үргені ғана тұн тыныштығын бұзып қояды. Бақыт қызметтесі капитан Қурбановты ілестіріп, түнгі кезекшілікті атқаруға шықты. Алма бақтар мен түрлі жеміс, гүлдердің хош иістері танауды жарады.

Қалын қамыс пен құнбағыстың арасынан әзер көзге шалынған елеусіз ғана ескі үйге назарлары еріксіз ауған. Күдік бұлтты қоюланып, ішкі интуициясы солай жетектей түсті. 6 сотық жердегі ағаш үй маңдайшасындағы шам ғана өлімсірей жарық беріп тұр. Тырс еткен дыбыс жоқ. Капитан Қурбановқа үй артымен айналып, терезе тұсын бағуды тапсырып, есік қаққан. Алғашында үй

ТҰНЫҚ СУДЫҢ САПҚЫН ЖАЗЫ



Кімдер бұрын істі болған? Алыс ауылдан келгендер бар ма? Бұзақылықпен аты шыққандар тізімі, тағысы тағы.

Бригадирдің көңілі су сепкендей басылды. Оның мақұлдауын күтпестен аумақты шөлып шығуға сыртқа беттеген. Тау боп үйілген жерасты тастары мен алып тракторлар арасымен жөйлап өтіп, аумақты сүт пісірім уақыт шарлады. Көзге қораш ештеңе, күдікті әлдене түспегенімен, бөтен адамның жан-жағына тіміскелене қарап жүргені, сырттай бақылап тұрған кеншілерге ұнамай қалды. Шылым тістелеп тұрған жұмысшылар бір-біріне ымымен «бұл кім?» дегендей бас ізескен. Сәлден соң бригадирдің қойыртпақ жазумен сүйкетілген «мәліметін» төсқалтасына басқан Бақыт кері қайтты.

Біршама уақыттан бері күні-түн сабылған жұмыс қақытқаны анық. Тұяқ серіппей қалғып кеткен ол ұялы телефон қоңырауынан оянып кетті. Төсек тұсын сипалап тауып алған телефонды құлағына тақаған.

– Бұл кім?..

– Баха, бұл мен Сания! Бөлімге кел! «Мокруха»!* (ізі суымаған кісі өлімі. А.Ж.) Сенің аумағына жақын жерден табылды.

– Жақсы, қазір барам!..

Көзін сығырайта ашқанмен, орнынан қалай тұрып кеткенін аңғармады. Бұл оқиға орнына келгенде патрульдік экипаждар мен учаскелік инспектор, басқарманың кезекші қызметі сонда жүрді. Аумақ айналдыра сары лентамен қоршалған. Манайды сүзіп шығуға тәртіп сақшыларының бәрі бір кісідей жұмылдырылған еді. Бейкүнә жасөспірім қыздың аяусыз тілгіленген бет-әлпеті кісі шошырлық. Бұл бұрын-соңды болмаған жағдай. Тым ауыр оқиғадан соң жұмбағын ішіне бүккен қала үнсіз мүлгіп, белгісіз «маньяқтың» қанды ізін жасырғандай.

«Темірбетон зауыты маңындағы бұзылған екі қабатты ескі мектептің ішінен табылған бейшара қызды аяусыз азыптан жауыз қуыршағын әдейі тастап, немесе із кесушілерге «қанеки, көрейік әуеселенді!» деп мезгілсіз «шақырту» жібергендей. Жансыз мәйіт жанынан

жетті десеңші! Бүлдіршінің енді желек жайған қыршын ғұмырын шімірікпей қия салу деген...

Басына бірден өрепкі шапшыған қан жүрегіні лобытып жіберген. Көз алды еріксіз қарауытып кетті. Ол өз пәтеріне ешқайда кідірместен тура тартты. Төсегіне бар салмағымен құлай кеткенімен, аунақшып жата алмады. Жас қыздың жақсысыз қиылған ғұмыры, жансыз сөнген жанарындағы жалыншы табы. Көз алдынан кетпей, көпке дейін кірпік айкастыра алмады. Түн ерекше салқын болды.

Оқиға болған күннің ертесі «вахталық» ауысым жүріп жатқан. Кеншілер кезекті демалысына, кейбіреулер ауыр жұмыс күні басында тұрды. Із кесуші Бақыт Омаров өзі бақылауға алған аумақтағы нысандармен байланыс орнатып, күдікті «фигуранттармен» жұмыс жүргізіп қайтты. Жұмысқа келмеген тек Астауов дегеннің дерегін іздеуге кірісті. Тым-тырыс. Бейне бар құпияны ішіне бұғып, «мықты болсаң тауып көр!» деген шешуі тым ауыр жұмбақ. Оқиға болғаннан бір күннен соң қалашықтағы мекеме, мектеп, тіпті жақын маңдағы малшылар фермасын шарлауға тура келді. Өлі тыныштық. «Астауов бұрын қайда болған? Кім ол? Қай өңірден келген? Не себепті жұмысқа шықпаған? Қазір қайда?» Осы сауалдарға мәліметі олқы соқса да, тұщымды жауаптар алған Бақыт кері қайтты.

Бұл оқиғада жалғыз куәгер – Мәлике. Жаннұрмен үнемі бірге жүретін ол сол күні ғана бірге ойнамаған. Алайда Жаннұрдың орталыққа қарай ұзын бойлы ағайдың қолынан ұстап бара жатқанын байқап қалған. «Қайда барасын?» деп шақырғанына ол үнсіз бас шұлғып, тоқтаусыз кете барған.

Әкесі тастап кеткен соң Жаннұр кішкентай інісі мен жалғыздікті шешесімен бірге тұрған. «Аһ» ұрған анасының зары аза бойын каза еткен Бақыт сол кезде дел берер жұбаныш сөз таппаған еді. Мәликеден індет сұрағанымен, «ағайдың» бет-әлпетін жете суреттеп бере алмады. Бақыттың тек қыз жауабынан түсініп, ойына түйгені анау ұзын бойлы,

көрді. Өзін құрбан болушының әрі қылмыскердің орнына қойып, ой қорытып теңселіп ұзақ жүрді. Қылмыс психологиясына зер салып, оқиғаны ойша өрбітіп те көрді. Тым еркінсіп жасалған қылмыс екен! «Мейлі, ол алғаш рет жаңылыс басын, тіпті есірткілік масандықта болсын. Кешқұрым ел аяғы басылмай, емін-еркін әрекетке баруының өзі оның жүрекжұтқан қаныпезер жан болғанын айғақтайтыны анық».

Сығырая жанып, қараңғылыққа қарсы талпынған зауыт бағанындағы өлімтік жарық Бақыттың алдына тағы бір жұмбақ сырын көлденең тартқандай.

Өлден уақытта көзіне сондайдан жылтырай шалынған әлдебір кішкентай ғана затты түн қараңғылығында байқаймын деп ойламаған ізкесушінің үміті қайта бас көтерген. Жақындап барып қолына алды. Жылтырақ зат тырнақтай ғана түйме. Жейденің әлде жеңінен, болмаса омырау алқымынан үзіліп түскен тәрізді. «Неде болса бекер емес».

Түн жарымы. «Темірбетон» зауыты жақта өлі тыныштық. Зауыттың ар жағы ашық алаң, шетсіз дала. Жол бойын жағалай өскен қалың ағаш, тал-теректер арасынан кімді іздеп таппақсың? Арлы-берлі жүріп, лажсыз қақпа алдындағы сәкіге жайғасқан ізкесуші ойын тиянақтамаққа тізе бүкті.

Жаздың салқын кеші еріксіз бойын қалтыратты. Шамалыдан соң ол қараңғылық құшағынан сығылып, кері қайтты.

Тергеу ісінде сараптауға жіберген қуыршақтағы саусақ белгілер қорытындысы ұзаққа созылқырап кетті. Тергеуші Қамбаровқа түндедете қоңырау шалғанымен, тұтқаны көтермеді. Сараптау қорытындысының көшірмесін алсам деп хабарлама жіберген. Үмітсіз шайтан. Үйіне сүлесек оралған ол ертенгі жоспарын ойша пысықтап, амалсыз ұйқыға бас қойды.

Оқиғадан соң арада бір ай уақыт жорғалап өте шықты. Жығылғанға жұдырық. Көрші Ақжар қаласында араға бір апта уақыт салып, сегіз-тоғыз жасар екі бірдей қыз зорланып, буындарылып өлтіріліп, қанал шұңқырына тасталғаны жайлы сұмдық оқиға тағы орын алды. Ақжарға шұғыл іссапар сұрап аттанған. Ол жақтағылармен қызметтік байланыс орнатып, мән-жайға қанық болған Бақытқа оперативті топтар бірлескен «Құрықтау» операциясын қолға алуды сеніп тапсырды. Жедел штабты Ақжардан қадағалауға ойы кеткен ол күн-түн бақылау, тексеру, іздеуге ерекше құлшынды. Өні-міне дегенше аптаға жуық уақыт құр «сандалыспен» сырғып өте шықты. Жаннұр өлімінде табылған қуыршақтағы саусақ іздерінің сараптамасы дайын болып іске қатталып жатқан еді.

«Маньяк емін-еркін тас жол бойында жүруі екіталай. Бекеттерден әлі мардымды хабар түспеді. Қылмыскер жолсызбен қашуы тіпті мүмкін емес. Әрі кеткенде екі-үш күн жол азығын қамдар. Онан әрі ол қалайда елді мекендерге жақын жылыстауы қадік».

Бүгін өзінің кезекшілігі. Қала аумағынан тысқары орналасқан саяжайларды сүзіп шығуға ертенгілік аттанып кетті. Оперативті топты әрбір аумаққа

шінде әлдекімнің аяқ дыбысы естілгендей болды. Көп ұзамай бөтен дыбыс сап тыйылып, мүлдем тынышталып қалды.

– Үйде кім бар? Жарнаны төлейтін уақыт болды. Су, жарықтың ақысы тағы бар! – деген Бақыттың дауысына ешкім ләм деп жауап қатпады. Мұнда бір шикілік барын сезген із кесуші дереу есікті бар күшімен жұлқылай бастады. Осы сәтте есік ілгешегі тырс атып шығып, үйден енгездердей жігіт атып шығып, мұны шалқандан құлатып, қаша жөнелді. Бұл қуып берген. Қашқан ұзынтұра ауыл сыртындағы еніспен қалың жынысқа жетуге жанұшыра жүгірді. Тапаншасын суырып алып көкке кезеп бір рет атқанымен, анау кідіретін қалып танытпады. Заулап берді. Қарсы алдырынан көрші саяжайдан жеткен уәкілдер алдын көлденең бөгегенімен, құтырған қасқырдай көзі қанталпа алдыға ентелей ұмтылған күдікті көз ұшында ұзай берді. Осы сәтте бар күш-жігерін бойы жиған Бақыт күдіктінің соңынан ышқына ұмтылған. Желаяқпын деген бұған анау жеткізер емес. Шамалыдан соң жон арқасын көретіндей аралыққа жеткен ол: «Тоқта! Атам!» – дегеніне құлақ аспастан қара үзіре берді. Атып өлтіруге ешбір құқы болмаса да, қалай да тірідей қолға түсіруге күш салған. Күдікті ит тұмсығы өптейтін жынысқа тұмсық ілік түсі сүрінген. Соңынан жеткен Бақытқа жалма-жан қарсы ұмтылған ол қолында бәсарлай ұстаған суық кездігін жандал-басалай онды-солды сермей берді. Шалт қимылмен солға жалт берген Бақыт қолындағы кездігін теуіп жіберді. Сондайға ұшқан кездікке тұра ұмтылған оны сирағынан нығарлай ұстап үлгерген із кесуші өзіне жұлқа тартқан. Қапсыра ұстаған қарулы қолдан оңайлықпен құтылмайсыз сезген ұзынтұра жердегі көрінген кесек тасты жұлып алмаққа әрекеттенгенімен, шамасы жетпеді. Қолы артына қайырып машықты тәсілге салған Бақыт оның қозғалмауын бұйырып, үстіне бар салмағымен нығарлай түсті.

Сәлден соң шарасыз қалған күдікті өкініштен тістерін қайрап, қара топырақты жөпелдеме асап-асап жіберді.

Тергеуші Қамбаров тапсырған түйменің қажеттігі ойына оралды. Күдіктінің үстіндегі тартыл жейденің алқым түймесінің үзілген бос орнын байқаған Бақыт жылтырақ түймені көз алдына тақағанда, Астауов көздері қанталпап ләм демеді. Вахталық жұмыстан ара-тұра «қауырып» қалып ойына келгенін істеп, тыныш саяжайға бой тасалаған оның мойнына тергеуші үш жасөспірім қыздың өлімін ілді. Қуыршақтағы саусақ іздері де айна-катесіз дәл келді. Астауов барлық дәлел-дәйектерге қарсы бір ауыз уәж айта алмады.

Із кесуші майор Бақыт Омаров көз алдына жалыншыты жанарымен жылап жалбарынған қыздардың беймәлім бейнесі қайта-қайта елестей берді. Алайда ол сот залына дейін қылмыстың қасақана болғанын сот медицина сараптамасы дәлелдер деп үміттенген еді. Сот сараптамасы маньяқты «ауру» деп тасты. Тек бейкүнә сәбилер сырқаттан ада болған еді.

Жаз аяғы ерекше салқын болды.
Арман ЖУСАНБАЙ

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік іесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы Нұрбол Әлдібаев облысы 8 701 357 66 84.
Ақтөбе Жансая Есмағанбетова облысы 8 705 398 62 83.
Атырау Боранбай Ғалиев облысы 8 775 543 03 80.
Маңғыстау Жазира Әбіл облысы 8 702 514 54 44.
Қызылорда Гүлбану Мақажан облысы 8 701 697 39 86.
Түркістан Сейітхан Құлмаханбетов облысы 8 707 721 19 59.
Шадыр Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Нұрлыбек Қазақстан Рахманов облысы 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмухамедұлы көшесі 68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz
E-mail: zanreklamaastana@mail.ru
«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5066 дана
Апталық таралым 10 132 дана
Тапсырыс №105 Индекс 65921
Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын **ZANMEDIA.KZ** сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалады. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Print plus» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31